



№ 2(158) 28.02.2011

ЖАСТАР ӘЛЕМІ МИР МОЛОДЕЖИ

Бүгінгі нөмерде

«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!»

бет. 2-3

«Построим будущее вместе!»

стр. 4-5

Күй ойнаған күн

бет. 6

Награды – лучшим педагогам

стр. 7

«Мен жанбасам лапылдап...»

бет. 8

Юбилей:
слово о философе

стр. 15

Сегодня в номере

1 наурыз - Университет күні

1 марта - День университета



Құрметті әріптестер, қымбатты магистранттар, студенттер!

1972 жылдың 1 наурызынан еліміздің үздік университеттерінің бірі, өзінің академиялық жетістіктерімен және дәстүрлерімен танымал Қарағанды мемлекеттік университетінің тарихы басталады. Университет күні мерекелеу біздің бірлескен ұжымның дәстүрлерінің бірі болып табылады. Бұл — біздің, оқытушылардың, студенттердің, әр буын өкілдерінің alma mater-ге деген мақтаныш, сүйіспеншілік сезімін біріктіретін мереке. Кәсіби жетістіктерімен, өмірлік табыстарымен танылған ҚарМУ түлектері өздерін қанаттандыран білім ордасына қарыздар. Осы жылы университет ұжымы ҚарМУ-дың 40 жылдық мерейтойын мерекелеуге дайындық үстінде, атаулы күнді 2012 жылы салтанатты түрде атап өтетін боламыз.

Университеттің алдағы мерейтойының Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің мерейтойымен байланыстырылуы көңілге қуаныш ұялатады. Біз Президенттің мерейтой жылының әрбір айы игі істермен, оқиғалармен, жетістіктермен атап өтілуі қажет деген идеясын құлшыныспен қабылдадық. Қазақстан тәуелсіздігін нығайтуға өзіндік үлес қосуға біздің әрқайсысымыздың мүмкіндігіміз бар. Бұл — жаңа ғылыми әзірлемелер, инновациялық жобалар, ғылыми, шығармашылық, спорттық жеңістер, азаматтық белсенділік, «Тәуелсіздіктің құндылықтарын насихаттау».

Университет ұжымы Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өту бастамасын

ҚарМУ-дың 20 жетістігімен атап өтуді көздейді. Университет ғалымдарының еліміздің шынайы экономикасына қосқан ғылыми әзірлемелері республиканың индустриалдық-инновациялық дамуында сұранысқа ие болатынына кәміл сенемін. 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыра отырып, біздің ұжым ғылым, білім мен өндірісті біріктіру, ғылым магистрлары мен PhD философия докторларын, көптілі мамандарды дайындау үдерістерін жүзеге асыруда белсенділік танытуда. Біз халықаралық байланыстарды нығайтуда, қазақстандық ғылымның әлемдік қоғамдастықта мойындалуына жәрдемдесіп, Қазақстанның мәдени мұрасын сақтауға қатысамыз, отандық жоғары мектептің үздік дәстүрлерін дамытамыз.

Университеттің барлық жетістіктерінің негізі патриотизм, азаматтықтың жоғарғы идеяларын ұстану, оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіпқойлығы, студенттердің білім алуға деген құштарылығы, ұрпақтар сабақтастығы болып табылады.

Университет күні білім ордасының әрі қарай да жанданып, гүлденетініне сенім білдіремін. Құрметті әріптестер, қымбатты магистранттар мен студенттер, сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, табыс, сәттілік тілеймін.

АКАДЕМИК Е. А. БҮКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ, ПРОФЕССОР Е.Қ. КҮБЕЕВ

Уважаемые коллеги, дорогие магистранты, студенты!

1 марта 1972 года началась история Карагандинского государственного университета, одного из лучших университетов страны, известного своими академическими достижениями и традициями. Одной из традиций нашего корпоративного сообщества является празднование Дня университета. Этот праздник объединяет нас, преподавателей, студентов, людей разных поколений высоким чувством гордости и любви к нашей alma mater. Многие поколения выпускников обязаны КарГУ профессиональными достижениями, жизненным успехом. Нынешний год проходит для коллектива университета под знаком подготовки к празднованию 40-летнего юбилея КарГУ, который мы торжественно отметим в 2012 году.

Символично, что грядущий юбилей университета сопряжен с юбилеем Независимости Республики Казахстан. Мы с энтузиазмом восприняли идею Президента о том, что каждый месяц юбилейного года должен быть отмечен делами, событиями, достижениями. У каждого из нас есть возможность сделать личный вклад в укрепление казахстанской независимости. Это и новые научные разработки, и инновационные проекты, научные, творческие, спортивные победы, гражданская активность, «пропаганда ценностей Независимости».

Коллективом университета единодушно поддержана инициатива ознаменовать Год

20-летия Независимости Казахстана двадцатью успехами КарГУ. Уверен, что научные разработки ученых университета станут весомым вкладом в реальную экономику страны и будут востребованы в процессе индустриально-инновационного развития республики. Реализуя задачи Государственной программы развития образования на 2011-2020 годы, наш коллектив активно включился в процессы интеграции науки, образования и производства, подготовки магистров наук и докторов философии PhD, полиязычных специалистов. Мы укрепляем международные связи, содействуем признанию казахстанской науки в мировом сообществе, участвуем в сохранении культурного наследия Казахстана, развиваем лучшие традиции отечественной высшей школы.

Основой всех достижений университета являются патриотизм, следование высоким идеалам гражданственности, профессионализм преподавателей и сотрудников, стремление студентов к овладению знаниями, ответственность поколений.

В День университета хочу выразить уверенность в его дальнейшем процветании, пожелать вам, уважаемые коллеги, дорогие магистранты и студенты, успехов, крепкого здоровья, счастья, удачи во всех начинаниях.

РЕКТОР КАРАГАНДИНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. АКАДЕМИКА Е. А. БУКЕТОВА ПРОФЕССОР Е. К. КҮБЕЕВ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2011 жылдың 28 қаңтарындағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан үзінді

2. Әлеуметтік жаңғырту — жаңа әлеуметтік саясат

Біз өзіміздің индустрияландыру және экономиканы технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі жоспарларымызды нақпа-нақ айқындап алдық. Біздің бағдарламаларымыздың басты мақсаты — халықтың әл-ауқатын нығайту. Сондықтан да мен биылғы Жолдауда әлеуметтік жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударып тұрмын. Мен үш аса маңызды мемлекеттік бағдарламаларды — білім беру, денсаулық сақтау және тілдерді дамыту бағдарламаларын бекіттім. Үкіметке әкімдермен бірлесе отырып биылғы 1 мамырға дейін мынадай қағидатты түрде жаңа бағдарламаларды, яғни: жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясын; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту; халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламаларын жасап, қабылдауды тапсырамын. Бұл бағдарламалар елдің миллиондаған қарапайым адамдарының күнбе-күнгі мәселелерін шешуге бағытталған. Олар қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартады. Жаңа әлеуметтік саясаттың басты аспектілеріне нақтырақ тоқталып өтпекпін.

2.1. Білім беру

Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде. «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс. Біз кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнын толық жаңартпақ ниеттеміз.

Бүгінде дамыған елдерде 1 миллион тұрғынға 1-ден 6 жоғары оқу орнына дейін келеді. Қазақстанда барлығы 149 жоғары оқу орны бар. 200 ғылыми кеңестер кандидаттар мен докторларды қалыптастырып отырып етіп жасап шығарып жатыр. 60 кандидаттың 1-і және 37 доктордың 1-і ғана ғылымға барады. Осы жылдан бастап ол кеңестердің жұмыстары тоқтатылады. Бұдан былай магистрлар мен PhD докторлар дайындалатын болады.

Біз университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етуге міндеттіміз.

Бүгінде жаңа «Назарбаев университеті» арқауында нарық сұранысына бағдарланған жоғары оқу орнының инновациялық моделі қалыптастырылуда.

Ол барлық қазақстандық жоо-лар үшін үлгі болуы керек.

Менің тапсырмам бойынша бүкіл елде ашылып жатқан 20 зияткерлік мектептер дарынды балаларды үздік жоо-лар үшін дайындаудың негізгі арқауына айналатын болады.

Үкіметке мыналарды тапсырамын:

- жоо-лардың инновациялық қызметке көшуге тетігін қалыптастыру;
- білім берудің сапасын арттыру және қолжетімділігін кеңейту үшін білім беруге қолдау көрсетудің жаңа қаржылық-экономикалық құралдарын енгізу;
- техникалық және жоғары білім берудің деңгейлері үшін бүгінде Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі ипотекалық құрылыста жүзеге асырып отырғанға ұқсас жинақтау жүйесін әзірлеу.

Қазақстандықтарда мемлекеттен пайыздық бонустар ала отырып балаларын оқытуға қаржы жинаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болуға тиіс.

- бизнес-қауымдастықтар мен жұмыс берушілер өкілдерін қатыстыра отырып Кәсіптік-техникалық кадрлар дайындау жөнінде ұлттық кеңес құру.

Білім беру жүйесіндегі барлық жұмыс мынадай нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Мектепке дейінгі білім берумен және тәрбиені қамтамасыз ететін балалардың үлесі 2015 жылға қарай 74 пайызды, 2020 жылға қарай 100 пайызды құрайтын болады.



Менің тапсырмам бойынша қабылданған «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде тек 2010 жылы ғана 35 балабақша, 1534 мини-орталық, 137 жекеменшік балабақшалар салынды.

Бұрын жекешелендіріліп кеткен мектеп жасына дейінгі мекемелерді қайтару есебінен 172 балабақша ашылды.

Балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту 30-дан 55 пайызға дейін өсті.

2020 жылға қарай біз оқытудың 12 жылдық моделіне толықтай көшетін боламыз. Ол үшін біз 2015 жылға қарай республикалық бюджет қаржысы есебінен кемінде екі жүз мектеп салып, осының мектепті жергілікті бюджет есебінен тұрғызамыз.

2015 жылға қарай білім беру ұйымдарының 50 пайызы электронды оқытуды пайдаланып, 2020 жылға қарай оның саны 90 пайызға дейін артады.

2020 жылға қарай халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық аккредитациялаудан өткен жоо-лар үлесі 30 пайызды құрайтын болады.

Инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін жоо-лардың үлесі 5 пайызға дейін артады.

Кемінде 2 жоғары оқу орны үздік әлемдік университеттер рейтингінде аталатын болады.

Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс.

2.3. Тілдерді дамыту

Көп тілді және көп конфессиялы қоғамдағы бейбітшілік пен келісім — бұл сіздер мен біздің еңбегіміз, құрметті қазақстандықтар. Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген мемлекеттік қазақ тілін құрметпен және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты. Бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі басым көпшілікті құрайды.

Бұл Тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі. Біздің міндетіміз — 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс. Енді он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады. Ол үшін біз бәрін де жасап жатырмыз.

Біз сол сияқты орыс тілін және өзге де қазақстандық этностар тілін дамытатын боламыз.

Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу — әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін.

2.4. Жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясы

Екі жыл ішінде дағдарысқа қарсы «Жол картасы» шеңберінде біз халықты еңбекпен қамтамасыз етіп, жұмыссыздықты азайттық және қалаларымыз бен селоларымыздағы инфрақұрылымдарды жақсарттық.

Бұл бағдарламалар қазақстандықтардың кең қолдауы мен разылығына ие болды. Бүгінде жаңа экономика білікті кадрлардың жаңа генерациясын талап ететін болғандықтан еңбек рыногының тиімділігін арттыру қажет. Өзін өзі еңбекпен қамтып отырған тұрғындар — біздің экономикамыздың зор кадрлар резерві. Жаңа кәсіпорындарды біз оларда қазақстандықтардың жұмыс істеуі үшін салып жатырмыз. Олар оған дайындалуы керек. Жаңа мамандықтарға үйренулері қажет.

Үкіметке облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, 2011 жылдың 1 мамырына дейін халықты еңбекпен қамту жөнінен қағидатты түрде жаңа бағдарлама әзірлеуді тапсырамын.

Үкімет бизнес-қауымдастықпен бірлесіп индустриялық нысандарда жұмыс істегісі келетіндер үшін тегін кәсіптік оқу ұсынуы керек. Әрбір қазақстандықтың елді ауқымды индустрияландыруға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет.

Кезінде мен дағдарысқа қарсы «Жол картасы» бағдарламасы әрбір қазақстандықтың отбасына дейін жететін болсын деген міндет қойдым. Ол табысты жүзеге асырылды.

Осы тәжірибені пайдалана отырып, қазіргі уақытта жұмысты индустрияландыру шынымен де бүкілхалықтық сипат алып, әрбір қазақстандықтың ісі болатындай етіп құру қажет. Өз өмірлерін ауылмен байланыстырғандар үшін Үкімет жергілікті билік органдарымен бірлесіп, селолық кәсіпкерлікті дамыту жөнінен шаралар кешенін әзірлеуге тиіс. Өткен жылы селолық аумақтарды дамыту бағдарламасы аяқталды. Енді бұл жұмыстар Елдің 2020 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамдық схемасы шеңберінде одан әрі жалғасатын болады.

Даму әлеуеті жоғары елді мекендерде селолық инфрақұрылымдар дамытылып, суаратын

суларға, микронесиелеу бағдарламалары мен табиғи гранттарға қолжетімділік кеңейтіліп, кәсіпкерлік дағдыларына үйрету ұйымдастырылады. Қазірдің өзінде микронесиелік ұйымдар қызметінің құқықтық негізі бар.

Бүгінде рыноктағы олардың саны бір мың екі жүздей және олар халыққа сомасы 16 миллиард теңге болатын 110 мың несие берді. Дегенмен, олар негізінен айтарлықтай жоғары мөлшерлеменен тұтынушылық мақсаттарға жұмсалуда. Ахуалды өзгертіп, тұтынуға емес, еңбекпен қамту жағына басымдық беру керек. Сондықтан Үкіметке қаржы реттеушілермен бірігіп, шұғыл түрде тиісті заң жобасы мен кешенді шаралар жасауды тапсырамын. Үстіміздегі жылы қосымша 3 миллиард теңге қарастырылсын. 2012-2015 жылдары бұл қаржыландыру жыл сайын 10-15 миллиард теңгеге көбейтілсін. Мемлекеттік желі бойынша берілген микронесиелердің барлық 100 пайызы тек өз ісін ұйымдастыруға ғана жұмсалып тиіс. Жоғарыда айтылған мал шаруашылығын дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру ондаған мың ауыл тұрғындарына жұмыс тауып береді. Сондықтан атқарушы биліктің барлық деңгейлері мен «Нұр Отан» партиясынан үлкен түсіндіру жұмыстары талап етіледі.

Үкіметке алдағы жылдан мотивациялы ақшалай төлемдерге көшуді тапсырамын. Басты мәселе — масылдықты өңсеру. Жұмыссызға жұмыссыз болғаны үшін емес, мамандық алу үшін грант берілетін болады. Кедейшілік проблемаларын мемлекеттік жәрдемақы есебінен жұмсарту емес, шешу керек. Мемлекет тек объективті тұрғыдан еңбекке қабілетсіздер мен аз қамтамасыз етілгендерге ғана көмектесетін болады.

2.7. Табыстардың артуы — өмірдің жаңа сапасы

Құрметті қазақстандықтар!

Үстіміздегі жылы біз зейнетақылар мен стипендиялар көлемін, бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақыларын 30 пайызға өсіреміз. Екі жыл қатарынан біз оларды 25 пайызға ұлғайтып келдік.

«Нұр Отан» партиясының Халықтық тұғырнамасында жоспарланғанындай, 2012 жылға қарай зейнетақылардың, бюджеттік ұйымдар еңбекақыларының және стипендиялардың орташа көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 2 есе өседі. Біз бұған уәде бердік, біз мұны орындадық.

Менің тапсырмам бойынша үш жылдық бюджетте сіздерге айтқан индустриялық-инновациялық, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды қаржылай қамтамасыз ету қарастырылған. Енді барлығы Үкімет пен жергілікті билік органдарының бұл міндеттерді қалай орындайтынына, бұл жұмыстың қалай ұйымдастырылатынына байланысты болмақ. Бұл — таяудағы онжылдықта жасалуы тиіс жұмыстың ең аз деген мөлшері. Біз бұл жоспарларды артығымен орындауға ұмтылуға тиіспіз. Онжылдықтың басты әлеуметтік мақсаты, міне, осында.

Қымбатты қазақстандықтар!

Менің Жарлығыммен 2011 жыл Тәуелсіздіктің 20 жылдығы деп жарияланды. Мемлекеттік комиссия құрылып, шараның Жалпыұлттық жоспары бекітілді. Бұл — жалпыхалықтық іс. Үкіметке оны жүзеге асыруда инвесторлардың, бизнес-қауымдастықтарының, қазақстандықтардың күшін біріктіруді тапсырамын. «БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 20 ЖЫЛЫ» — біздің мерейтойымыздың ұраны осы. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан жолының — БОСТАНДЫҚ, БІРЛІК, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ӨРКЕНДЕУ секілді арқаулық құндылықтары қалыптастырылды.

Болашақ онжылдыққа жаңа жетістіктермен

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауын академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ұжымы ерекше жігермен қарсы алды, себебі, ол Тәуелсіздіктің 20 жылдығын қорытындылап, болашақ табыстар стратегиясын айқындап беріп отыр.

Мемлекет басшысы Қазақстанның әлемдік саясаттағы, ұлттық экономикадағы, азаматтық қоғамды нығайтудағы жетістіктерін атап өтті. Президент біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижелері қарқынды дамып келе жатқан көптеген елдердің осындай көрсеткіштерінен әлдеқайда жоғары екендігін ерекше атап айтты. Мысалы, бір жан басына шаққандағы жалпы табыс 1994 жылмен салыстырғанда 12 есеге өсті, бұл Қазақстанның 184 әлем елдерінің қатарында 53-ші орынды иеленуіне мүмкіндік берді.

Тұрақты даму және азаматтық келісім кепілі бола отырып, Президент сенімді түрде жаңа онжылдықтың міндеттерін айқындайды. Алдағы онжылдықтың негізгі басымдықтары жеделдетілген индустриаландыру, шынайы экономика мен агроөнеркәсіптік кешенді күшейту, әлеуметтік жаңару, ғылым, білім мен өндірісті шоғырландыру, ұлттық денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру болып табылады.

Мемлекет қабылдаған индустриалды-инновациялық жеделдетілген даму, білім

мен денсаулық сақтау саласы, тілдерді дамыту бағдарламалары қазақстандықтардың өмір сүруі мен әл-ауқатын жаңа сапалы деңгейге жеткізуге бағытталған. Қабылданған бағдарламаларды жүзеге асыру ішкі жалпы өнім, халық саны, өмір сүру ұзақтығы сияқты сапалық көрсеткіштердің артуына, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне алып келеді. Президентіміздің бірізді саясатының арқасында еліміз әлемдік қаржы дағдарысынан мүдірмей өтіп, кәсіпкерлікпен айналысу үшін қолайлы жағдай жасады, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатының артуын қамтамасыз етті. Мемлекет басшысының алға қойған мақсаттарға қол жеткізудегі сенімділігін бөлісе отырып, академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ұжымы Президенттің қазақстандық қоғам өмірінің барлық салаларын әрі қарай өзгерту жөніндегі бастамаларын толығымен қолдайды.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері мен оқытушылары Қазақстан Республикасындағы 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапқан Президенттің отандық білім беру жүйесін әрі қарай жаңарту туралы сөздерін ерекше ықыласпен қабылдады. Біз Президенттің сапалы білім — бұл еліміздің инновациялық дамуының негізі деген пікірін толықтай қолдаймыз және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудағы бізге жүктелген жауапкершілікті сезінеміз. Білім және



ғылым саласындағы инновациялық саясаты қолдай отырып, университет өндіріске ғылыми әзірлемелерді енгізу, жаңа формациядағы кадрларды дайындау, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу, рейтингілерге қатысу бойынша үлкен жұмыс атқарады. Мемлекет пен Білім және ғылым министрлігінің тұрақты қолдауының арқасында университетте жаңа білім беру технологияларын енгізуге, іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге, студент жастардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуеттерін дамытуға мүмкіндік беретін заманауи ресурстық база қалыптастырылған. Студенттер мен оқытушыларға қамқорлық ету стипендия, еңбекақы мөлшерінің артуынан, гранттардың бөлінуінен көрініс табады, бұл әлеуметтік оптимизмнің ар-

туына және болашаққа сеніммен қарауға себеп. Балалардың оқуына қаражат жинаудың Президент ұсынған қаржылық механизмдері жоғары білімге қол жетімділікті айтарлықтай арттырады. Инновациялық Назарбаев Университеті мен интеллектуалдық Назарбаев мектептерінің қызмет етуі Қазақстанның интеллектуалдық элитасының қалыптасуына ықпал етеді.

Президенттің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауы дамуың жаңа кезеңінде бейбітшілік пен жасампаздық саясатын жалғастыратын Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелейтін мерейтой жылын бастайды.

Е.Қ. КӨБЕЕВ,

Е. А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРМУ РЕКТОРЫ, ПРОФЕССОР

Мақсат айқын, тілек бір

Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауын асыға күткен көптің бірі мен едім. Өйткені, еліміздің болашақ бағыт-бағдарын алақанға салғандай айқындап, ашып беретін Жолдаудан баршамыздың бойымызға таусылмас қуат, ойымызға сарқылмас шуақ алатындығымыз ақиқат.

Дәстүрлі Жолдау үстіміздегі жыл Тәуелсіздіктің 20 жылдығымен дараланатындығын еске салумен басталды. Әрине, сандаған ғасырлар бойында ата-бабаларымыздың арманында ғана көрініс тапқан мұндай баға жетпес жетістік ұлы тарихтың алдында да, бүгінгі еркіндіктің шуағына шомылған халықтың алдында да ең жоғары орында тұратындығы ақиқат. Тәуелсіздігіміздің нығайып, табысымыздың тасқындап, еліміздің еңсесінің күн санап биіктей түсуі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың керемет көрегендігінің арқасы деп білемін. Еуропадағы Қауіпсіздік және Ұлытамақтастық ұйымына басшы болып, қаншама жылдардан кейін барып 56 елдің басшыларының бас қосуы Елбасының жоғарғы деңгейдегі қайраткерлігін әлемге паш етті, Қазақстан тағы да бір тың қырынан адамзат жұртшылығына танылды.

Жолдауда санаулы жылдардың ішінде халықтың тұрмыс-тіршілігі мен әл-ауқатының күрт көтерілгендігі де нақты дәлелдермен айтылды. Атап айтқанда, соңғы үш жылда жалақының орташа есеппен 53 мыңнан 80 мыңға дейін көтерілуі өте жоғары қарқындылықты танытады. Ал, әлемдегі 110 озық елдің арасында Қазақстанның 50-інші орынға шығуы, білім саласы бойынша 129 елдің ішінде көш бастаушылар қатарынан орын алуы мақтарлық та, мақтанарлық та жетістік.

Елбасының салиқалы да сындарлы Жолдауы біздің 2020 жылға дейінгі болашақ даму жолымызды да жан-жақты айқындап берді. Атап айтқанда, білім беру саласын жаңашаландыру, бүгінгі заман талабына сай озық деңгейге көтеру, магистрлік, докторлық (PhD) білім беруді жаппай дамыту қажеттілігі көрсетілді. Әрине, көп сатылы білім берудің ғылым мен білімді өркендетуде айрықша сапалы әрі нәтижелі жетістіктерге жеткізери сөзсіз. Өйткені, мақсат айқын, бағыт

белгілі, ізден, талаптан. Халықтың «Талаптығы нұр жауар» деген қанатты сөзі де осыған орай айтылса керек. Сонымен қатар, 12 жылдық оқу жүйесіне көшу мәселесі де, жоғары оқу орындарының халықаралық аккредитациядан өтуін 30 пайызға жеткізу мәселесі де нақты жолға қойылды. Білімді елдің бірлігі орнықты, тірлігі толымды болары сөзсіз. Ал, білімді болу үшін көп оқып, жан-жақты іздену қажет. Өйткені, «Білім — инемен құдық қазғандай». Сондықтан, 12 жылдық оқу жүйесінің берерінің мол болатындығына біз сенімдіміз.

Қазақ халқында тозбайтын тамаша нақыл бар. Ол «Әуелгі байлық — денсаулық» деген қанатты сөз. Елбасы өзінің Жолдауында медицина саласына да айрықша тоқталып, болашағын айқындап берді. Жедел жәрдемді жетілдірудің жолдарын көрсете келіп, жылжымалы медициналық көмекті жолға қойды, адамның орташа өмірін 72 жасқа дейін ұзарту керектігін айтты, 2015 жылға дейін 350 медициналық мекеме салынатындығын, олардың ел денсаулығын арттыруға айрықша үлес қосатындығын жеткізді.

Сондай-ақ, Жолдауда мемлекеттік тілді дамытудың да негізгі бағыттарын айқындап берді, 2017 жылға дейін мемлекеттік тілде сөйлейтіндер 80 пайызға, 2020 жылға дейін осы көрсеткішті 90 пайызға жеткізу керектігін айтты. Сонымен қатар, орыс, ағылшын тілдерін қатар дамыту қажеттілігі көрсетіліп, ағылшын тілінде сөйлеушілерді 2020 жылға дейін 20 пайызға көтеру белгіленді. Әрине, қай жағынан болмасын, әлемнің көшбасшы елдерінің қатарында болу үшін осы тапсырмалардың өте қажет екендігі айдан анық.

2011 жылдың Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай мерекелі жыл деп жариялануы да жүрекке үлкен әсер беріп, көңілге зор қуаныш ұялатты.

Ал, Жолдауының соңын Елбасы: «Мерекелі күндерге жеткізген берекеді тірлігіміз баянды болсын!» деген баталы сөзімен, аталы тілегімен аяқтады. «Әмин!» дейік, ағайын! «Жұмылы көтерген жүк жеңіл» деп халық айтқандай, осы Жолдауды басғылыққа алып, болашаққа нық сеніммен самғай берейік!

МҰХАММАДҒАЛИ ӘБДУОВ,
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКаны

Елбасы Жолдауы — кемел келешектің келбеті

Жуырда Парламенттің бірлескен отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа арнаған дәстүрлі Жолдауы баяндалған болатын. Біз, жастар, бұл маңызды құжатты Қазақстан халқының әл-ауқатын әрі қарай арттыруға, экономиканың өсуіне, қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға, қазақстандықтардың денсаулығын нығайтуға, білім сапасын қамтамасыз етуге бағытталған стратегия деп бағалаймыз.

Егемен еліміздің ертеңіне деген сенімділік сезімін бойымызға ұялататын Елбасымыздың Қазақстан халқына арналған дәстүрлі Жолдауын бар қазақстандықтың асыға күтетіндігі айқын. Қалыптасуының тарихи тамыры тереңде жатқан қайсар қазақ халқының бүгінгі таңда мәртебесі асқақ, тұғыры берік. Жиырма жыл ішінде мемлекет басшысының салиқалы да сындарлы саясатының арқасында Қазақстан қуатты да табысты мемлекетке айналып, өзінің бастамалары арқылы жоғары халықаралық беделге ие болды. Өткен жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға, ал биыл Ислам Конференциясына төрағалық етуіміз — соның айқын дәлелі. Бұл бойын патриоттық сезім кернеген әрбір жас қазақстандық үшін зор мәртебе, үлкен қуаныш. Қазақстанның болашағы баянды, келешегі келбетті болуы бізге, жастарға тікелей байланысты. Кейінгі толқынның үйлесімді тұрмыс құрып, жан-жақты дамуы үшін жағдайлардың жасалынып жатқандығы қуаныш, қанат бітіреді. Әлемнің озық жоғары оқу орындарында бәсекеге қабілетті білім алу мүмкіндігі, Елордамызда жаһандық талаптарға толық жауап беретін «Назарбаев университетінің» ашылуы көп көңіліне медеу. Біз елбасымен бірге ел қуатын еселез, «Болашақтың берік іргесін бірге қалауға» даярмыз. Бұл жалғыз менің ойым емес, қазыналы Қарағанды облысының жігерлі жастары да ел еңсесін еселеуге даяр.

Жастардың бәсекеге қабілетті білім алуы — «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты биылғы Жолдаудың басым бағыттарының бірі. «Өмір бойы білім алу» кредосын ұсына отыра, Ұлт көшбасшысы «Сапалы білім беру Қазақстанның индустриаландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» деген үлкен міндет қойып отыр. Алдағы онжылдықта атқарылуы тиіс қыруар жұмысты орындау бүгінгі жастарға жүктеліп отырылған жауапты миссия. Өз кезегінде біз, жалынды жастар, Елбасының және аға буынның үкілі үмітін ақтау жолында тынымсыз еңбек етуге даярмыз. Біз Елбасының жастарға жасап отырған қамқорлығына дән ризамыз.

«Ұлттың бәсекелестік қабілеті ең алдымен білімділік деңгейімен анықталады» деп Елбасымыз айтқандай, жастардың сапалы білім алуы маңызды болып табылады. Себебі еліміздің ертеңі біздің, бүгінгі жастардың қолында. Елбасымыз қойған тапсырмалар мен міндеттерді баршамыз бірігіп орындауымыз қажет. Осылайша әрқайсымыз Тәуелсіз еліміздің өркендеуі мен гүлденуіне өз үлесімізді қоса аламыз.

Елбасының бастамасымен биылғы жыл Тәуелсіздіктің 20 жылдығы деп жарияланды. «БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 20 ЖЫЛЫ» атты ұранды Қарағанды студенттерінің Альянсы да қолдайды. Мыңдаған жылдар бойы ата-баба арманы болып келген айтулы мереке құтты болсын, ағайын! Еліміз тыныш, жұртымыз аман, бауырымыз бүтін, аспанымыз ашық болғай!

АЙБАТ МАШЕНОВ,
ҚАРАҒАНДЫ СТУДЕНТЕРІ АЛЫАНСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Выдержки из Послания Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана «Построим будущее вместе!» от 28 января 2011 года

2. Социальная модернизация — новая социальная политика

Мы четко определили наши планы по индустриализации и технологическому развитию экономики. Главная цель наших программ — укрепить благосостояние народа. Поэтому особое внимание в нынешнем Послании я уделяю вопросам социальной модернизации. Я утвердил три важнейшие государственные программы: развития образования, здравоохранения и языков. Остановлюсь подробнее на главных аспектах новой социальной политики.

2.1. Образование

Мы должны продолжить модернизацию образования. Сегодня полностью завершена компьютеризация школ. Они оснащаются мультимедийными кабинетами, интерактивным оборудованием. Внедряется модель 12-летнего среднего образования. Личным кредо каждого казахстанца должно стать «образование в течение жизни». Мы намерены полностью обновить содержание профессионального и технического образования.

Сегодня в развитых странах на 1 миллион населения приходится от 1 до 6 вузов. В Казахстане всего 149 вузов. 200 научных советов штампуют кандидатов и докторов наук. В науку идет 1 из 60 кандидатов наук и 1 из 37 докторов наук. С этого года прекращается работа этих советов. Теперь будет вестись подготовка магистров и докторов PhD.

Мы обязаны обеспечить новый уровень развития университетского образования и науки. Сегодня на базе нового «Назарбаев-университета» формируется инновационная модель высшего учебного заведения, ориентирующаяся на запросы рынка. Она призвана стать образцом для всех казахстанских вузов.

20 интеллектуальных школ, открывающихся по моему поручению по всей стране, станут основной базой подготовки одаренных детей для лучших вузов.

Поручаю Правительству:

- выработать механизм перехода вузов к инновационной деятельности;
- внедрить новые финансово-экономические инструменты поддержки образования для повышения качества и расширения доступности образования;
- для уровней технического и высшего образования разработать накопительную систему по аналогии с той, которую сейчас реализует Жилстройсбербанк в ипотечном строительстве.

У казахстанцев должны появиться новые возможности накапливать средства на обучение детей с получением процентных бонусов от государства.

- Создать Национальный совет по подготовке профессионально-технических кадров с участием представителей бизнес-ассоциаций и работодателей.

Вся работа в системе образования должна быть направлена на достижение следующих результатов.

Доля детей, охваченных дошкольным воспитанием и обучением, к 2015 году составит 74 процента, к 2020 году — 100 процентов. В результате реализации программы «Балапан», принятой по моему поручению, только в 2010 году построено 35 детских садов, создано 1534 мини-центра, 137 частных детских садов. За счет возврата частнее приватизированных дошкольных учреждений открыто 172 детских сада. Охват детей дошкольными организациями вырос с 30 до 55 процентов.



К 2020 году мы осуществим полный переход на 12-летнюю модель обучения. Для этого к 2015 году мы построим не менее двухсот школ за счет средств республиканского бюджета и столько же — за счет местных бюджетов. К 2015 году 50 процентов организаций образования будут использовать электронное обучение, а к 2020 году их численность возрастет до 90 процентов.

К 2020 году доля вузов, прошедших независимую национальную аккредитацию по международным стандартам, составит 30 процентов. До 5 процентов увеличится доля вузов, осуществляющих инновационную деятельность и внедряющих результаты научных исследований в производство. Не менее двух высших учебных заведений будут отмечены в рейтинге лучших мировых университетов. Качественное образование должно стать основой индустриализации и инновационного развития Казахстана.

2.3. Развитие языков

Мир и согласие в многоязычном и многоконфессиональном обществе — это наша с вами заслуга, уважаемые казахстанцы. Отрадно отметить, что казахстанцы с уважением и достоинством стали изучать государственный казахский язык, давший название родной земле, на которой мы живем и ведем к благополучию нашу страну. Сейчас доля взрослого населения, свободно владеющего государственным языком, составляет подавляющее большинство. И это огромное достижение Независимости.

Наша задача состоит в том, чтобы к 2017 году число казахстанцев, овладевших государственным языком, достигло не менее 80 процентов. А к 2020 году — не менее 95 процентов. Через десять лет 100 процентов выпускников школ будут владеть государственным языком. И мы всё для этого делаем.

Мы также будем развивать русский язык и языки других казахстанских этносов. Я всегда говорил, что для современного казахстанца владение тремя языками — это обязательное условие собственного благополучия. Поэтому считаю, что к 2020 году доля населения, владеющего англий-

ским языком, должна составлять не менее 20 процентов.

2.4. Новая стратегия занятости

За два года в рамках антикризисной «Дорожной карты» мы обеспечили занятость населения, сократили безработицу и улучшили инфраструктуру в наших городах и селах.

Эти программы получили широкую поддержку и благодарность казахстанцев. Сегодня необходимо повысить эффективность рынка труда, поскольку новая экономика требует новой генерации квалифицированных кадров. Самозанятое население — это огромный кадровый резерв нашей экономики. Новые предприятия мы строим для того, чтобы там работали казахстанцы. Они должны готовиться к этому. Учиться новым профессиям.

Правительство совместно с бизнес-сообществом должно предоставить бесплатное профессиональное обучение тем, кто хочет работать на индустриальных объектах. Надо обеспечить возможность участия каждого казахстанца в масштабной индустриализации страны.

В свое время я ставил задачу, чтобы антикризисная «Дорожная карта» дошла до каждой казахстанской семьи. И это было успешно сделано. Используя этот опыт, сейчас необходимо построить работу так, чтобы индустриализация стала настоящей всенародной, делом каждого казахстанца!

Для тех граждан, которые связывают жизнь с селом, Правительство совместно с местными органами власти должно проработать комплекс мер по развитию сельского предпринимательства. В прошлом году завершена программа развития сельских территорий. Сейчас эта работа будет продолжена в рамках Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны до 2020 года.

В населенных пунктах с высоким потенциалом развития будем развивать сельскую инфраструктуру, расширять доступ к поливной воде, программам микрокредитования и натурным грантам, организовывать обучение навыкам предпринимательства. Сегодня уже существует правовая

основа деятельности микрокредитных организаций.

Сегодня их на рынке почти 1200 и они уже выдали населению свыше 110 тысяч кредитов на сумму более 16 миллиардов тенге. Однако в основном они идут на потребительские цели с достаточно высокой ставкой. Нужно менять ситуацию и акценты в сторону занятости, а не потребления. Поэтому поручаю Правительству совместно с финансовыми регуляторами срочно разработать соответствующий законопроект и комплекс мер. В текущем году дополнительно предусмотреть три миллиарда тенге. В 2012–2015 годах увеличить это финансирование до 10–15 миллиардов тенге ежегодно. Все сто процентов выданных микрокредитов по государственной линии должны идти только на организацию собственного дела. Реализация программы развития животноводства, о которой было сказано выше, даст работу десяткам тысяч сельян. Поэтому требуется большая разъяснительная работа всех уровней исполнительной власти и партии «Нур Отан».

Поручаю Правительству перейти со следующего года к мотивационным денежным выплатам. Главный вопрос — преодолеть иждивенчество. Безработный будет получать грант на приобретение профессии, а не за то, что он безработный. Проблемы бедности надо решать, а не смягчать за счет государственных пособий. Государство будет помогать только объективно нетрудоспособным и малообеспеченным.

2.7. Повышение доходов — новое качество жизни

Уважаемые казахстанцы!

В текущем году мы повышаем размеры пенсий, стипендий, заработной платы работников бюджетной сферы на 30 процентов. Два года подряд мы их увеличивали на 25 процентов.

Как и планировалось в Народной платформе партии «Нур Отан», к 2012 году средние размеры пенсий, зарплат в бюджетных организациях и стипендий возрастут в 2 раза по сравнению с 2008 годом. Мы это обещали, и мы это сделали.

По моему поручению в трехлетнем бюджете предусмотрено финансовое обеспечение как индустриально-инновационных, так и социальных программ, о которых я вам доложил. Теперь все зависит от того, как Правительство и местные органы власти исполняют эти задачи, как будет организована эта работа. Это минимум того, что нужно сделать в ближайшем десятилетии. Мы должны стремиться к тому, чтобы перевыполнить эти планы. В этом состоит главная социальная цель десятилетия.

Дорогие казахстанцы!

Моим Указом 2011 год объявлен Годом 20-летия Независимости. Создана Государственная комиссия, утвержден Общенациональный план мероприятий. Это общенародное дело. Поручаю Правительству объединить усилия инвесторов, бизнес-сообщества, казахстанцев для его реализации. «20 ЛЕТ МИРА И СОЗИДАНИЯ» — таков девиз нашего юбилея. За годы Независимости сформированы базовые ценности казахстанского пути — СВОБОДА, ЕДИНСТВО, СТАБИЛЬНОСТЬ, ПРОЦВЕТЕНИЕ.

В будущее десятилетие — с новыми свершениями

Послание Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева «Построим будущее вместе!» было воспринято коллективом Карагандинского государственного университета имени академика Е. А. Букетова с особым воодушевлением, поскольку оно подводит итоги 20-летия Независимости и определяет стратегию будущих успехов.

Главой государства отмечены достижения Казахстана в мировой политике, национальной экономике, укреплении гражданского общества. Президентом отмечено, что результаты социально-экономического развития нашей страны превосходят аналогичные показатели многих интенсивно модернизирующихся стран. Так, валовой доход на душу населения с 1994 года вырос в 12 раз, что позволило Казахстану занять 53-е место в числе 184 стран мира.

Являясь гарантом устойчивого развития и гражданского согласия, Президент уверенно ставит задачи нового десятилетия, основными приоритетами которого выступают форсированная индустриализация, укрепление реальной экономики и агропромышленного комплекса, социальная модернизация, интеграция науки, образования и производства, совершенствование национальной системы здравоохранения.

Принятые государством программы форсированного индустриально-инновационного развития, развития образования, здравоохранения, языков направлены на достижение качественно нового уровня

жизни и благосостояния казахстанцев. Реализация принятых программ приведет к росту таких качественных показателей, как внутренний валовой продукт, численность населения, продолжительность жизни, а также к снижению уровня безработицы. Благодаря последовательной политике нашего Президента страна уверенно вышла из мирового финансового кризиса, сохранила привлекательный инвестиционный климат, создала благоприятные условия для ведения бизнеса, обеспечила рост социального благополучия граждан. Разделяя уверенность Главы государства в достижимости поставленных целей, коллектив КарГУ имени академика Е. А. Букетова поддерживает инициативы Президента по дальнейшему преобразованию всех сфер жизни казахстанского общества.

С особым вниманием студенты и преподаватели Карагандинского государственного университета имени академика Е. А. Букетова восприняли слова Президента о дальнейшей модернизации отечественной системы образования, которая нашла отражение в Государственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. Мы в полной мере поддерживаем мысль Президента о том, что качественное образование — это основа инновационного развития страны, и осознаем возложенную на нас ответственность за подготовку конкурентоспособных специалистов. Поддерживая инновационную политику в области науки и образования, университет проводит большую работу по внедрению научных разработок



в производство, подготовке кадров новой формации, аккредитации образовательных программ, участию в рейтингах. При постоянной поддержке государства и Министерства образования и науки в университете сформирована современная ресурсная база, позволяющая внедрять новые образовательные технологии, проводить фундаментальные и прикладные исследования, развивать интеллектуальный и творческий потенциал студенческой молодежи. Забота о студентах и преподавателях проявляется в повышении стипендий, заработной платы, выделении грантов, что способствует росту социального оптимизма и дает уверенность в будущем. Предла-

гаемые Президентом финансовые механизмы накопления средств на обучение детей значительно повысят доступность высшего образования. Функционирование инновационного «Назарбаев-университета» и интеллектуальных «Назарбаев-школ» будет способствовать формированию интеллектуальной элиты Казахстана.

Послание Президента «Построим будущее вместе!» открывает юбилейный год — год 20-летия Независимости Казахстана, который на новом этапе своего развития продолжит политику мира и созидания.

РЕКТОР КарГУ им. Е. А. Букетова
ПРОФЕССОР Е. К. КУБЕЕВ

Модернизация образования — приоритет новой социальной политики

Ежегодные послания Президента Республики Казахстан Нурсултана Абишевича Назарбаева имеют особую историческую значимость на каждом этапе развития страны. Это всегда объективный анализ современного состояния, точное прогнозирование, новые стратегические планы и их выполнение. В Послании 2011 года очень ярко и четко обозначены позиции новой социальной политики, главной целью которой является благосостояние народа.

Меня как работника образования особо воодушевили слова Президента о реализации в стране социальной модернизации, одной из основных составляющих которой он назвал сферу образования. Президент указывает на необходимость модернизации этой сферы. Импонирует то, что Нурсултан Абишевич стратегически выстраивает схему непрерывности образования: ликвидация дефицита дошкольных образовательных учреждений — переход на 12-летний цикл среднего образования — существенное реформирование системы высшего образования. В результате для каждого казахстанца образование в течение всей жизни должно стать нормой. В качестве примера он называет «Назарбаев-университет», где формируется новая модель образования, которая сможет отвечать самым высоким международным требованиям. Президент подчеркнул, что вузы страны должны стремиться войти в рейтинги ведущих университетов мира: доля вузов Казахстана, соответствующих мировым стандартам, к 2020 году составит 30 %.

Как о приоритете новой социальной политики Президент говорит о развитии языков, с удовлетворением отмечая, что население страны с уважением и досто-

инством изучает казахский язык, что на сегодняшний день большинство взрослого населения вовлечено в этот процесс. Глава государства ставит задачи: к 2017 году не менее 80 % казахстанцев должны овладеть казахским языком, к 2020-му — не менее 90 %, а через 10 лет 100 % выпускников школ будут владеть казахским языком.

Президент говорит о том, что особое место в государственной социальной политике занимает повышение доходов и качества жизни казахстанцев. В этой связи в республиканском бюджете на текущий год предусмотрено 30%-е повышение пенсий с 1 января 2011 года, а стипендий и заработной платы бюджетников — с 1 июля.

Мы, работники сферы образования, постоянно ощущаем заботу и поддержку нашего Президента. Государственная образовательная политика направлена на повышение статуса педагога, ученого, на создание достойных условий для обучения и воспитания подрастающего поколения. Успехи реализации инициатив Президента в этой сфере очевидны.

Я испытываю чувство гордости за то, что руководителем нашей страны является истинный евразиец, выдающийся стратег и тонкий тактик, воплотивший в жизнь чаяния многонационального народа Казахстана. Президент Нурсултан Назарбаев сделал для Казахстана очень много — другого мнения на этот счет быть не может. Вместе с тем он сделал еще не всё, что задумал и начал осуществлять. Задачи, стоящие сегодня перед Казахстаном, требуют стабильной и сильной власти, отвечающей вызовам современности.

Д. И. Н., ПРОФЕССОР КОЗИНА В. В.,
Зав. кафедрой истории Казахстана
КарГУ им. академика Е. А. Букетова

Послание Президента определило курс развития для молодежи Казахстана

Послание Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева способствовало подъему патриотического духа всей молодежи Казахстана. Всей молодежи, в том числе и студенчеству, был задан очень важный курс — курс на СВОБОДУ, ЕДИНСТВО, СТАБИЛЬНОСТЬ И ПРОЦВЕТАНИЕ!

В Послании были намечены приоритетные этапы реализации важных задач государственной политики — по индустриализации и технологическому развитию экономики, социальной модернизации страны, укреплению благосостояния народа, реализации трех важнейших государственных программ: развития образования, здравоохранения и языков, разработки и принятия принципиально новых программ: новой стратегии занятости, модернизации ЖКХ, обеспечения населения качественной питьевой водой.

Президент подчеркнул, что эти программы направлены на решение каждодневных проблем миллионов простых людей страны. И это, несомненно, важно для нас, что наш Президент заботится о судьбе каждого казахстанца!

Нурсултан Абишевич отметил, что личным кредо каждого казахстанца должно стать «Образование в течение жизни». И думаю, что каждый молодой казахстанец задумался о том, какой вклад он может внести в развитие нашей страны с точки зрения науки.

Настало время подумать не только о том, что Родина даст нам, а еще и о том, что мы можем сделать для Родины и народа!

Студенчество КарГУ имени академика Е. А. Букетова своими отличными результатами в учебе, успехами, достижениями и открытиями в научно-исследовательской деятельности должно и сможет подготовить себя к тому, чтобы стать учеными новой

формации — исследователями и менеджерами международного уровня, ориентированными на практические знания, способными осуществлять инновационную деятельность и внедрять результаты научных исследований в производство, в конкретную конкурентоспособную продукцию!

И для этого все условия созданы! Сегодня каждый казахстанец имеет возможность получить образование в лучших учебных заведениях мира, работать в ведущих исследовательских центрах. Все это стало возможным благодаря Независимости, возможностям, которые создал Казахстан.

Дальновидная и выверенная политическая стратегия главы государства, определяемая приоритетами интеграции Казахстана в многополярное пространство современного мира и сохранения вектора межэтнического единства и демократизации общества, являются намеченными целями! Ведь это программа динамичного развития всей страны и каждого казахстанца, определяемая ключевым девизом Послания: «20 ЛЕТ МИРА И СОЗИДАНИЯ!» И если мы будем следовать этим призывам, мы сможем достигнуть одной из главных задач — стать таким поколением, которому можно доверить будущее страны!

Студенческая молодежь КарГУ им. Е. А. Букетова поддерживает направления, разработанные в Послании нашего Президента, которое станет руководством к действию для каждого молодого казахстанца и генеральным планом развития всего казахстанского общества.

Мы — за Президента! Мы — за независимый Казахстан!

АСЕЛЬ АРТАКШИНОВА,
ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ МОЛОДЕЖИ
КарГУ имени академика Е. А. Букетова,
МАГИСТРАНТ 1-ГО ГОДА ОБУЧЕНИЯ ЮРИДИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА

Дені саудың – тәні сау

Колледжде өткен дүбірлі дода

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында салауатты өмір салты еліміздің даму жолындағы қозғаушы күш екендігі баса айтылған. Аталмыш шара Қазақстан халқының кемел келешегінің кепілі — салауатты өмір салтын насихаттау жолындағы игілікті іске бағышталған.

Жақында академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің колледжінде Қарағанды облысы колледж оқытушылары мен қызметкерлері арасындағы дәстүрлі 7-ші облыстық спартакиада өтті. Базалық Қарағанды гуманитарлық колледжі мен академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің колледжі ұйымдастырған спартакиадаға Қарағанды облысының Білім басқармасы және облыстық білім беру саласының қызметкерлерінің кәсіби бірлестігінен келген құрметті қонақтар қатысты. 43 колледжден келген сайыскерлер волейбол, дойбы, үстел теннисі, дыбыссыз винтовкадан ату, дартс сынды спорттың бес түрінен сайысқа түсті.

Бірінші тур қаңтардың басында Қарағанды, Жезқазған, Балхаш, Теміртау қалаларында өткені белгілі. Ал академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті колледжінің базасында өткен облыстық спартакиаданың финалдық ойынына сайдың тасындай іріктелген 8 команда жолдама алғанын. Атап айтсақ, Балқаш қаласының политехникалық колледжі, Теміртау қаласының политехникалық колледжі, Қарағанды қаласының политехникалық колледжі, Саран қаласының гуманитарлық-техникалық колледжі, Қарағанды медицина колледжі, Қарағанды банк колледжі, «Болашақ» Қарағанды маңызды білім беру колледжі, Қарағанды гуманитарлық колледжі. Жалпы командалық есеп бойынша бірінші орынды Теміртау политехникалық колледжі, екінші орынды Қарағанды политехникалық колледжі, ал үшінші орынды Балқаш қаласындағы «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжі жеңіп алды.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университетінің колледжі

Кубок кімге бұйырды?

Ақпанның 7-11 аралығында академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің № 12 оқу ғимаратында шағын футболдан қыздар арасында Қазақстан Республикасының кубогы үшін дәстүрлі турнир өтті. Жарысқа Республика көлемінен қарағандылық «Шахтер-ҚарМУ-1» және «Шахтер-ҚарМУ-2» командалары, астаналық «Аққу», тараздық «Жалын» және теміртаулық «Жастар» командалары қатысып, өзара бақ сынасты. Жарыстың алғашқы күні «Жастар» — «Жалын» (3:9) және «Шахтер-ҚарМУ-1» — «Аққу» (5:0) командалары өзара жекпе-жекке шықты, нәтижесінде «Шахтер-ҚарМУ-1» мен «Жалын» командалары қарсыластарының мысын басып тастады. Жарыстың екінші күні қарағандылық командалар тартысқа түсті. 13:2 есебімен «Шахтер-ҚарМУ-1» командалары жеңіске жетті. «Аққу» мен «Жастар» (9:3) командалары арасындағы шабуылда Астаналықтар басымдылық танытты. Бір-бірінің қыр-сырына қаныққан командалар арасындағы үшінші күнгі ойында кімдердің мықты екендіктеріне көз жеткіздік. «Жалын» «Шахтер-ҚарМУ-2» командасын 13:2 есебімен жеңсе, «Шахтер-ҚарМУ-1» «Жастар» командасын керісінше 13:2 есебімен жеңіп кетті. Алғашқы белсенділіктен таймаған «Жалын» мен «Шахтер-ҚарМУ-1» командалары бұл жолы да бәсекелестерін ойсырата ұтты. Осы ойындардан кейін жарыстың жеңімпаздары анықтала бастап еді. Төртінші күнгі «Аққу» мен «Жалын» (12:3) арасындағы жекпе-жекте «Жалын» өз қарқынын бәсеңдетіп алды. Ал «Жастар» — «Шахтер-ҚарМУ-2» (3:2) командалары арасындағы ойын теміртаулықтардың еншісіне бұйырды. Төрт күндік тартыстан кейін ұпай санымен алға шыққан командалар финалдық ойында қайта жүздесіп, бас бәйгенің еншісіне таласты. Оқ бойы озық шыққан жерлестеріміз тараздық қонақтарды соңғы ойында 16:1 есебімен қапы қалдырып кубокты өздеріне қалдырды. Астаналықтардың да мықтылығына күмән келтіре алмадық. Ақтық ойында теміртаулықтардың алдын орап ұпай санымен 2 орынды тараздықтардан тартып алды. Сабырлық танытып тараздық «Жалын» 3 орынды иеленсе, 4-5 орындарды теміртаулық «Жастар» мен «Шахтер-ҚарМУ-2» командалары қанағат тұтты. Қырағы қыздардың ойынына тәнті болған төрешілер мен көрермендер келесі жарыстарға сәттілік тілеп қонақтарды шығарып салды.

НҮРБОЛАТ МӘДІҚАЖЫ



Ақпан айында Студенттер сарайында Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауының негізгі басымдықтарын талқылап, жүзеге асыруға арналған академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті оқытушылары мен қызметкерлері, студенттері ұжымының жиналысы өтті. Ұжым жиналысының шешімімен ҚарМУ-дың Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың биылғы Жолдауы академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ұжымы тарапынан қолдауға ие болды. Университет ұжымы Президенттің шынайы экономика мен

агроөнеркәсіптік кешенді нығайту, әлеуметтік жаңаруды жүргізу, ұлттық денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, білімді дамыту, ғылым мен өндірісті шоғырландыру жөніндегі ойын қуаттайды. Айтулы басты құжатта Тәуелсіздіктің 20 жылдығы ерекше аталып өтілген, атқарылған игі істер қорытындыланып, келешектің табыс стратегиясы айқындалған. ҚарМУ оқытушылары мен студенттері Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасында айтылған Елбасының отандық білім беру жүйесінің әрі қарайғы модернизациясы туралы айтқан сөздерін ерекше ықыласпен қабылдады. «Сапалы білім — елдің инновациялық дамуының негізі». Университеттегі инновациялық білім технологияларын енгізу, көптілі мамандарды дайындау, оқу үдерісінің ақпараттық қамтамасыз етілуін арттыру бойынша жүргізілетін жұмыс қазіргі заман талаптарына сәйкес жоғары білікті кадрларды қалыптастыруға бағытталған. Ғылым және білім беру саласындағы инновациялық саясатты қолдау арқылы университет ғылыми зерттемелерді өнеркәсіпке ендіру, жаңа формациядағы кадрларды дайындау, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу бойынша табысты жұмыстар атқаруда. Сонымен қатар ҚарМУ жақын және алыс шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан, беделді мемлекетаралық бірлестіктердің жұмыстарына қатысады. Университеттің стратегиялық мақсаты халықаралық аккредиттеуден өту және университеттің әлемдік білім ортасындағы айқындамасын нығайту болып табылады.

ҚарМУ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Күй ойнаған күн

Сәрсенбінің сәгі — ақпанның 16-сында Қазақ елі «Сарыарқа» күйінің сазына бөленді. Бұрын-соңды мұндай мереке болмаған еді. Алты Алаштың баласы рухтанып, бойын бір сілкітті. Сөзі жоқ мемлекеттік әнұранға айналған күй атасы Құрманғазының «Сарыарқасы» сананы серпілткендей. Күй құдіретіне бас идік.

Бұл игі шараның бастамасы, естеріңізде болса, 2009 жылдың желтоқсанында бастау алған ұғын. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» Жастар қанаты «Заңғар» шығармашылық бірлестігі Алматы қаласының Оқушылар сарайында 600-ден аса домбырашының басын қосып, «Домбыраның күмбірі — халқымыздың бірлігі» атты ұлттық нақыштағы жоба өткізілген-ді. Күйқұмар қазақы көкірек үшін сол күні ақ түйенің қарыны жарылған-ды.

Қасиетті қара домбыраның күмбірі кенішті қала — қарағандылықтардың да рухын бір көтеріп тастады. Дүбірлі думаннан іргелі білім ошағы — академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті де қалыс

қалған жоқ. Аталмыш акция елдің түкпір-түкпірінде қай деңгейде өткенін білмедік, бірақ біздің қара шаңырақ домбыраның қоңыр үніне көмілді. Құрманғазының әйгілі «Сарыарқасын» университетіміздің «Сарын» фольклор ансамблі мен оқытушы, студенттері бір деммен төкпелетіп орындағанда қанымызда күй ойнап, жанарымыз жайнап кетті. Талай жанның Отанға деген сүйіспеншілігін оятты. Тек ұзағынан сүйіндіргей дедік. Бойды кернеген елге, жерге деген ерекше сезім. Көңілде қыран құсы қалықтаған жазиралы кең дала. Төске өрлеген сәйгүлік. Елі үшін атқа қонған батыр. Болашаққа деген нық сенім. Ар-намысты жаның толассыз күш-қуат. Міне, «Сарыарқа» күйінің күмбірі осылай тіл қатты. 50 домбырашы қос ішекті қоса тартып, он екі пернені кезек-кезек басқанда шанақтан төгілген қоңыр саз құлақ құрышын қандырды. Көңілдің сырын, күйкі тірліктің мұңын шығармасына арқау еткен теңдесі жоқ сазгер бабамыздың таланттына тағы да бір бас идік.

XIX ғасырда өмір сүрген Құрманғазы Сағырбайұлының күйлері замана тарихының сырлы тунны. М. Әуезов: «Дүниеде, тарихта ер елден артық ел бар ма?! Ер жолымен өткен ел-

дердің тарихынан сұлу тарих бар ма?! Елін «ел екен» дегізіп өткен ұлдарға өлім бар ма, сірә да?! Елдің белін көтеретін ер ұл туған аталық пен аналық қандай бақытты! Ер серігі болған жар жарастық қандай сұлу! Қорлық өмірге көнгенше, қадырлы өлім таңдармын дейтін жас жалын қандай биік мағыналы!» деген екен. Бабамыздың күйін тыңдап отырғанда заңғар жазушының осы бір сөзі ойға оралды. Күй тыңдауға жиналған қауымның көптігі көңілге қуаныш ұялатты. «Сарыарқа» — Құрманғазы күйлерінің шыңы, халықтың жүрегінен орын алған отты туынды. «Сарыарқа» — халқымыз үшін сөзі жоқ, тек әуеннен тұратын ұлттық рәміз, болмыс-бітімі бөлек ұлттық әнұран.

Күй... Иә, күй мен қазақ егіз ұғым. Бірін ауызға алғанда екіншісі тілге оралатыны да сондықтан. Күй — қазақтың жаны. Күй — өмір, күй — тағдыр. Ол ғажайыпқа тұны әлем. Сол әлемге енген сәтте бой балқып, көңіл шалқып, шөл қанады. Күй ойға жетелейді. Күйде тіл бар. Оның тілі қос ішектен төгіледі. Күй — жүрек қылын тербеген ұлттық рух. Күй — қазақтың үні. Күй — шежіре. Нағыз қазақ — күй, нағыз қазақ — домбыра... Бар-жоғы бес минутқа созылған акция, міне, осылай көңілдің көк дөненіне күй әлемін шарлатып қайтты.

Гүлнәр МАХАН

Егемендік негізі — елжандылық

Жуырда Қарағанды мемлекеттік университетінде «Жас қазақстандық патриоттың келбеті» атты дөңгелек үстел өтті. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауын насихаттау, 2010-2012 жылдарға арналған Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың патриоттық тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру, жастардың патриоттық тәрбиесі саласындағы отандық және шет елдердің озық тәжірибесін талқылауды дйттеген шараны ұйымдастыруға Жастар ісі жөніндегі комитет, Студенттік парламент, Қарағанды жастар мемлекеттік қызмет мектебі мұрындық болды.

Ігі басқосудың модераторы Біржан Әлімжанов дөңгелек үстел жұмысының тәртібімен таныстырды. Дөңгелек үстел үш секциядан

тұрды. Әуелгі секция «Студент жастар арасында патриоттық сезімді қалыптастыруда жастар ұйымдарының ролі» деп аталды. Мұнда Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрайымы Әсел Артықшын, Студенттік парламенттің төрағасы Еркен Беркенов және ҚарМУ студенттері Альянсының оңбасмені Айжан Нұржанова өз баяндамаларын оқыды. «Патриоттық тәрбие саласындағы шетелдің озық тәжірибесі» атты секцияда Қарағанды жастар мемлекеттік қызмет мектебінің тағылымдамашылары Дидар Смағұлов пен Данияр Ахимбеков сөз сөйледі. Өз баяндамаларында студенттер елжандылық тәрбиелеудегі АҚШ-тың және Ресейдің тәжірибесімен бөлісті. Ал үшінші секция «Жастар арасында патриотизмді қалыптастырудағы БАҚ-тың орны мен ролі» деп аталды. Мұнда «Вектор инфорум» жастар

журналының редакторы Ербол Сармурзин мен ҚарМУ Жастар ісі жөніндегі комитеттің маманы Альмира Ембергенова баяндама жасады.

Студенттік өзін-өзі басқару және жастар ұйымдарының өкілдері қатысқан дөңгелек үстел барысында өзіндік сұхбат алаңы құрылды. Қатысушылар шараға белсене қатыса отыра, баяндамашыларға сұрақтарын қойып, өз ойларын білдірді. Шара соңында арнайы ұсыныстар қабылданды. Жастардың бастамасымен әлеуметтік желілерде арнайы конференциялар ашып, сұхбат алаңын жасау керек деген пікір айтылды.

Мұндай басқосулар жастар қозғалыстарына өзара тәжірибе алмасуға, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға септігін тиігеді.

Е. ЖАҒЫРБАЙҰЛЫ



Каким быть молодому патриоту?

Круглый стол на тему «Облик молодого казахстанского патриота», прошедший 2 февраля 2011 года, стал подготовкой к региональному форуму патриотов, приуроченному к 20-летию Независимости Республики Казахстан. Основными организаторами мероприятия выступили Комитет по делам молодежи, Студенческий парламент и Карагандинская молодежная школа государственной службы.

На повестке дня круглого стола было три вопроса: роль молодежных организаций в формировании чувства патриотизма среди студенческой молодежи, передовой зарубежный опыт патриотического воспитания, место и роль СМИ в формировании патриотизма среди молодежи.

По вопросу роли молодежных организаций в формировании чувства патриотизма у студенческой молодежи первой выступила председатель КДМ Асель Сейтжановна Артакшинова. В сво-

ем докладе она предоставила присутствующим информацию о деятельности возглавляемого ею подразделения в формировании чувства патриотизма среди студенчества. Второй вопрос вызвал у участников круглого стола особый интерес. Передовой опыт патриотического воспитания зарубежных стран отличается с отечественным опытом. Стажер Карагандинской молодежной школы государственной службы студент 3-го курса юридического факультета Смагулов Д. в своем докладе подробно остановился на опыте военно-патриотического воспитания США, где одним из основных инструментов являются компьютерные игры. Продолжил тему студент 3-го курса юридического факультета Ахимбеков Д. поделился опытом Российской Федерации в данном направлении.

Третий вопрос был посвящен представителям СМИ. Редактор областного молодежного журнала «ВекторИнФорм», студент 3-го курса филологического факультета Сармурзин Е. выразил свою озабоченность по поводу пассивности молодежи в плане «потребления» информации через газеты и журналы. При подведении итогов круглого стола было отмечено, что одной из ярких личностей, служащих примером истинного патриотизма, является Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев. Продолжение обсуждения актуальных вопросов патриотического воспитания ожидается на региональном форуме патриотов, посвященном 20-летию Независимости Республики Казахстан.

МАТЕРИАЛ ПОДГОТОВЛЕН КОМИТЕТОМ ПО ДЕЛАМ МОЛОДЕЖИ

Студент КарГУ стал Студентом года

Три студента КарГУ в январе 2011 года были номинированы на молодежную премию акима Карагандинской области «Кайнар». Студентом года стал третьекурсник филологического факультета Ербол Сармурзин.

2011 год объявлен Годом 20-летия Независимости Республики Казахстан. Согласно утвержденной концепции празднования юбилея в нашем регионе запланировано проведение ряда культурно-массовых мероприятий, одним из которых стала молодежная акция «Построим будущее вместе!», совмещенная с церемонией награждения лауреатов молодежной премии акима Карагандинской области «Кайнар».

Местом проведения акции стал Дворец культуры горняков, где праздничное мероприятие началось с концерта творческой молодежи — победителей различных конкурсов и фестивалей. А затем пришла пора чествовать тех активных, творческих и талантливых молодых людей, которые удостоились награды, ежегодно вручаемой от имени главы Карагандинской области.

Обращаясь к собравшимся, начальник областного управления внутренней политики Гульнараим Кантарбекова напомнила о том, что 20-летие Независимости — это значимая веха в истории Казахстана, который за столь короткий срок сумел состояться как стабильное государство, получить известность и признание во всем мире. Важность этого момента должна дойти до каждого гражданина, и пусть молодежь не станет исключением.

Лауреатом премии «Кайнар» в номинации «Мемлекеттік тіл — болашағым» стал Денис Ча, помощник начальника отделения воспитательной и социальной работы воинской части 6800. Лучшим рабочим года был назван Ерлан Сақтапбергенов, машинист шахты 73/75 Восточно-Жезказганского рудника, а лучшим молодым спортсменом — Нурбек Турдиев, студент колледжа экономики, бизнеса и права КЭУ Казпотребсоюза. Лавры лауреатов в номинациях «Жылдын жас мемлекеттік қызметшісі», «Отан қорғаушы» и «Аулдын жас мамы» достались соответственно сотруднику департамента внутренних дел Жанату Мусину, инспектору дорожной полиции Динаре Тун-

гущбаевой и учителю музыки из поселка Молодежный Осакаровского района Батыржану Бозтаеву. Наиболее примерной старшеклассницей признали Асель Узбекову из карагандинской гимназии № 93, а Студентом года стал Ербол Сармурзин, студент КарГУ им. Е. Букедова, редактор молодежного журнала «ВекторИнФорм». И, наконец, главный приз в номинации «Лидер года» был присужден Андрею Репецкому, председателю молодежного общественного объединения «Жастар дауысы» города Сарани. Всем им были вручены почетные дипломы, денежные награды и цветы.

Не остались без признания заслуги и тех участников, которые не стали лауреатами премии «Кайнар», но все-таки попали в число номинантов. Они тоже удостоились призов и поздравлений. Номинантами от КарГУ имени Е. А. Букедова стали Биржан Алимжанов, специалист Комитета по делам молодежи, руководитель Школы государственных служащих, магистрант экономического факультета, и Ажар Шайкенова, лидер движения «Альянс студентов Казахстана», студентка исторического факультета.

МАТЕРИАЛ ПОДГОТОВЛЕН НА ОСНОВЕ СООБЩЕНИЯ АГЕНТСТВА «КАЗИНФОРМ»

Награды — лучшим педагогам

Качество образования Карагандинского государственного университета имени академика Е. А. Букедова неоднократно находило подтверждение по итогам государственных конкурсов и независимых экспертных процедур. Высокой оценкой работы профессорско-преподавательского коллектива КарГУ стало присуждение государственного гранта «Лучший преподаватель вуза» за 2010 год 12 профессорам и доцентам университета.

В состав Республиканской конкурсной комиссии под председательством министра образования и науки Республики Казахстан, определившей победителей, вошли депутаты обеих палат Парламента, представители государственных органов, Народно-демократической партии «Нур Отан», профсоюза работников образования и науки.

Конкурсный отбор 2010 года осуществлялся на принципах максимально возможной прозрачности и открытости. Претенденты прошли электронную регистрацию, каждому участнику конкурса был присвоен индивидуальный электронный код. С целью подтверждения достоверности представленных конкурсных материалов была произведена их экспертная оценка. Объективность результатов конкур-

са обеспечивалась компьютерной обработкой данных, на основе которой производился автоматизированный расчет количественных показателей деятельности претендентов и их ранжирование.

География претендентов на присуждение государственного гранта была предельно широкой. В конкурсе приняло участие около 1000 преподавателей из 86 высших учебных заведений различных регионов Казахстана.

По результатам электронного ранжирования были определены 200 наиболее достойных претендентов из числа преподавателей отечественных вузов, которым были присуждены государственные гранты. Следует особо отметить, что в 2010 году был достигнут наиболее высокий качественный состав обладателей грантов «Лучший преподаватель вуза», в числе которых — 12 преподавателей Карагандинского государственного университета: профессора и доктора наук составили более 68 % общего числа участников конкурса, остальные — доценты и кандидаты наук, доктора PhD.

Обладатели государственного образовательного гранта в течение года могут выезжать и участвовать в работе международных, республиканских научных конференций, симпозиумов, конгрессов, семинаров, чтобы пополнить знания по теме научных исследований,

Поздравляем ученых КарГУ, ставших обладателями гранта «Лучший преподаватель вуза»:

1. Карипбаева Б. И., зав. каф. философии и теории культуры;
2. Нусупбекова Б. Р., доцента каф. инженерной теплофизики;
3. Байкенова М. И., зав. каф. химической технологии и экологии;
4. Салькееву Л. К., зав. каф. органической химии и полимеров;
5. Батурину Л. Л., доцента каф. всемирной истории и международных отношений;
6. Жарылгалова Ж. Ж., профессора каф. казахской литературы;
7. Манабаеву А. Ш., доцента каф. общетехнических дисциплин и методики трудового обучения;
8. Тажигулову Г. О., зав. каф. машиноведения;
9. Солодовиченко Л. Н., профессора каф. изобразительного искусства и дизайна;
10. Карманову Ж. А., доцента каф. теории и методики дошкольной и психолого-педагогической подготовки;
11. Сарсенееву Ж. Е., зав. каф. педагогики и методики начального обучения;
12. Тебену К. С., зав. каф. социальной адаптации и педагогической коррекции.

Желаем победителям новых успехов и научных открытий!

приобрести новый опыт по вопросам организации учебного процесса и т. д.

Многие отечественные преподаватели, благодаря успешному участию в конкурсе «Лучший преподаватель вуза», получили возможность пройти зарубежную стажировку в ведущих университетах Великобритании, Германии, Франции, Италии, Испании, Бельгии, Польши, Чехии, Венгрии, Швеции, Австрии, Болгарии, Литвы, Латвии, России и т. д.

МАТЕРИАЛ ПОДГОТОВЛЕН ПРЕСС-СЛУЖБОЙ КАРГУ ИМ. АКАДЕМИКА Е. А. БУКЕТОВА

АНОНС

В КарГУ пройдет студенческая олимпиада

Республиканскую олимпиаду по социальной работе организует Министерство образования и науки Республики Казахстан, она пройдет на базе КарГУ им. Е. А. Букедова 30-31 марта 2011 г. Рабочие языки — казахский, русский.

Олимпиада проводится в 4 этапа. I этап — конкурс «Презентация профессии». Выполняется в качестве домашнего задания. Команды представляют заранее подготовленное задание, в котором презентуют профессию социального работника. Презентация должна раскрывать значимость профессии, ее особенности, направленность на практическую работу в социальной сфере, содержать элементы творчества.

II этап — тестирование. Каждый участник проходит тестирование, которое включает в себя вопросы по дисциплинам обязательного компонента специальности «социальная работа» («История и теория социальной работы», «Общая и социальная педагогика», «Социальная работа с молодежью», «Социальная работа с семьей и детьми») в количестве 20 тестовых заданий по каждой дисциплине.

III этап — конкурс видеороликов социальной рекламы «Социальные услуги в сфере социальной работы». Выполняется в качестве домашнего задания. Команды представляют видеоролик, содержание которого направлено на усиление социальной ответственности членов общества, повышение качества и доступности услуг в социальной сфере, информационное обеспечение в ходе их продвижения, формирование доступного пространства для получения социальных услуг различными социальными группами. Материалы социальной рекламы должны отражать актуальные проблемы социальной работы, способствовать усилению эффективности позитивных изменений в обществе, привлечению внимания к проблемам социально уязвимых групп населения, повышению качества жизни, достижению социальной гармонии в обществе.

IV этап — конкурс социальных проектов «Инновационные технологии в социальной работе». Разработка проекта предлагается в качестве домашнего задания. Участники команды представляют результаты своей исследовательской работы. Этап проводится в форме защиты социальных проектов, отражающих их актуальность, авторский подход, полноту раскрытия темы, реалистичность, ресурсные и кадровые возможности, творческий подход.

Итоги Республиканской предметной олимпиады по социальной работе подводит жюри. Решение о награждении дипломами и памятным призами принимается открытым голосованием. Победителям (командам) присуждаются 1, 2, 3 места. Возможно присуждение двух вторых и двух третьих мест при наличии одинакового количества баллов. Команды вузов, занявшие призовые места (1, 2, 3 места), награждаются соответствующими дипломами. За творческую оригинальность присуждаются дипломы лауреатов конкурса.

Участникам олимпиады, показавшим высокие результаты при выполнении отдельных заданий, устанавливаются дополнительные поощрения и призы по усмотрению жюри — грамоты по номинациям: «Лучший теоретик», «Лучший оратор», «За оригинальность», «Самая креативная команда», «Самая творческая команда», «Самая находчивая», «Самая сплоченная команда», «За лучший видеоролик», «За лучший социальный проект».

ИНФОРМАЦИЯ ПРЕДОСТАВЛЕНА СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИМ ФАКУЛЬТЕТОМ

Айтайын дегенім...

Ойланайықшы...

«Халық — Құдайдың бір аты» деп ел билеуде де жеке бастың қамын күйтеттірмей, ханның да іс-әрекетін қатаң қадағалап, халыққа адал қызмет жасауға бас игізген — қазақ. Қайыспас қайраткер, бөйге бермес күрескер болуды өз ұрпағына үнемі үйретуден жалықпаған — қазақ. Кең де киелі жерінде, үлгілі-өнегелі қасиетті елінде сан қилы қылмыстың түрін егер тер түрмесі, қарақшы-қасапшылыққа айналған соты болмаған — қазақ. Қорғансыз қарттар үйі болмаған, жетім-тастанды балалар ұғымын туғызбаған — қазақ. Маскүнөмдіктің, нашақорлықтың не екенін білмеген — қазақ. Қызын қырық үйден тыйған — қазақ. Елден бір тентек шықса немесе азғындық жолда жүрген ұрпақты көрсе, «бетімізге шіркеу болды, ұлтымыздың сүйегіне өшпес қара таңба түсті» деп қамыққан, жамандықтың бетін жақсылыққа дер кезінде бұра білген де — қазақ.

Міне, осындай ерекше жаратылысы бар, басқа ұлт пен ұлысқа мүлде ұқсамайтын, шоқтығы биік қазақ қауымының бүгінде маскүнөмдікке, нашақорлыққа бейімделуі, рухани мешеулікке ұшырауы кім-кімді де ойландырмай қоймасы анық. Нашақорлықты, есірткі заттарды пайдаланудың салдарынан жарымес, мүгедек, аурушаң нәрестелер өмірге жиі келуде. Бұл жазылмайтын дерт, орны толмас өкініш. Сол себепті әрбір саналы азамат өз өмірінің қожасы.

Арақ-шараптан адамға келетін зиянды есептеп шығарудың өзі қиын. Арақ-шарапты ішкен адамның бүйрегі мен бауыры, жүрегі мен жүйке жүйесі әр түрлі қатерлі ауруларға шалдығады. «Ішімдік — жүйке уы» деп бекер айтылмаса керек. Ішімдік ағзаның қуыс-қуысына өте тез жайылады да, оның қоректену процесін бұзады. Талай адамның түбіне жеткен ішімдік кімнің жанын азапқа салмады дейсіз? Жалпы адам ағзасына зардап тек арақ-шараптан ғана келмейді, сонымен қатар нашақорлықтың да келтіретін зияны көп.

Адамзаттың арақ пен есірткіден шегіп отырған қасіреті — сұмдық. Бұл екеуінің талай есіл ерлерді адам қатарынан шығарып жібергенін, талай құт шаңырақ, ұйыған отбасын ойран етіп, талай әзіз ата мен ананың, ару жарлардың, жәудіреген үл-қыз бен сәбилердің өмірін өксітіп, жүректерін қан жылатып, ел бетіне қарағысыз күйге жеткізгенін айтып тауысу мүмкін емес. Ислам діні арақ ішу әзәзілдің ісі, мұсылман үшін кешірілмес күнә деп жариялаған. Мұхаммед пайғамбар өзінің хадисінде: «Арақтан, ішімдіктен сақтаныңдар, өйткені ол — барлық жамандықтың кілті», — деп үнбеттеріне қатты ескерткен.

Небір ұятты, төбе шашың тік тұратын хайуандық қылықтар, негізінен, тағы сол ішіп алғандар тарапынан істелуде. Той төбелессіз тарқамайтынын, ақсақалды ата мен ақжаулықты ананың арманы аяқ асты боп, адамды жер қылатын ұятты оқиғалар жиі кездесетінін айтпағанда, ең аяулы адамын жерлеп келген бойда ыржақтап жүретін надандар әр жерде-ақ кездесетіні де шындық. Осы күнгі өмірден алынған, тақ-тұқ айтылған мұндай жайттардың тасасында қаншама қайғы-қасірет, масқара көріністер бар десеңізші!

XXI ғасырда қоғам тек жалаң адамдар тобынан ғана емес, сонымен бірге денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай, жаны мен тәні кіршіксіз таза, ерекше тұлғалардан тұруы тиіс. Олай болса, осы келеңсіз жағдайлардың алдын алу, адамдардың денсаулығын күшейту мен олардың жан-жақты дамуына қалыпты жағдай туғызуды көздеу керек. Себебі, Қазақстан елінің экономикалық-әлеуметтік жағдайының өрге басуы тек материалдық байлықты молайтуға ғана емес, сонымен бірге сол игілікті істі жүзеге асыратын адамдардың денсаулығы мен рухани өмірінің салауаттылығына тікелей байланысты.

Нұрғат АНТАЕВА



Ел болашағы дегенде, ең бірінші, еске жастар саясаты түседі. Мемлекетіміздің іргесін бекемдейтін, тәуелсіздігімізді баянды ететін де жастар. Оны ұлтымыздың көреген көшбасшысы, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев алқалы жиындарда айтудай-ақ айттып жүр. Өзі де дана бабаларымыз ұстанған өсиетті, ел ұстанатын сүрені ұстанып, қолдарынан іс келеді деген жастарға ақ батасын беріп, жолдарын ашуда. Елді алға жетелейтін ақылды көсемі бар бақытты елдің басшысы жасайтын көрегендік бұл.

Біздің облысымызда да, жоғарыда айтылғандай, жастар саясаты қашанда бірінші орынға қойылған. Өйткені, еліміздің көсегесін көгертетін, болашағын айқындайтын да осы от-жалындай жанып тұрған азаматтар...

Жуырда Кеншілер мәдениет сарайында облыс әкімінің «Қайнар» сыйлығын салтанатты түрде табыс ету рәсімі өтті. Осы күнді талай талантты жас тағатсыздана күткенді. Салтанатты жиынға халық көп жиналыпты. Ақпанның ақ шұнақ аязына қарамастан үкілі үмітімізді арқалап біз де жеттік. Қарағанды облысы әкімінің «Қайнар» жастар сыйлығы мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру, облыстың жастар қозғалысының дамуын ынталандыру мақсатында тапсырылады. Қазыналы Қарағанды өлкесінің жемісті ғылыми, шығармашылық, қоғамдық және кәсіби қызметімен көзге түскен 14 пен 29 жас аралығындағы дарынды жастарына «Жастар көшбасшысы», «Жас мемлекеттік қызметкер», «Жас жұмысшы», «Жыл студенті», «Жылдың жоғары сынып оқушысы», «Жылдың ауылдық жас маманы», «Жас спортшы», «Отан қорғаушы» (Әскерилер, құқық қорғау органдарының өкілдері), «Мемлекеттік тіл — болашағым» сынды номинациялар бойынша сыйлықтар табысталды. Аталмыш байқауға университетіміздің бірқатар жастары қатысқан болатын. Үздік студенттер қатарынан оқ бойы озып, топ жарған филология факультетінің 3 курс студенті Ербол Сармурзинға «Жыл студенті»

номинациясы бұйырды. Сондай-ақ, облыс әкімінің «Қайнар» сыйлығына үміткерлер арасынан көшбасшылық қасиетімен дараланған университетіміздің экономика факультетінің магистранты Біржан Әлімжанов «Жастар көшбасшысы» номинациясы бойынша, ал алғыр білімімен, қоғамдық іс-шараларды ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен тарих факультетінің 4 курс студенті Ажар Шайкенова «Жыл студенті» номинациясы бойынша номинант атанды.

«Қарағанды мемлекеттік университетінің 3 курс студенті Ербол Сармурзин «Жыл студенті» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды» деген сөзді естігенде, «Ербол, біз саған сендік, сенімді ақтадың» дедік. Салтанатты жиынның соңына ала бере жеңімпаз жолдасымды жеңісімен құттықтап, бес-алты сұрақ қойып үлгердік.

— Жеңіс құтты болсын, замандас!

— Достар, қуанышымды бөліскендеріңе мың да бір рақмет!

— Шыны керек, біз өзіңді «Қайнар» сыйлығына ұсынғаныңды білмей қалдық.

— Ол рас, «Қайнар» сыйлығына ойда жоқта қатыстым. Оқу мен жұмыстың ортасында жүтіріп жүргенде аталмыш сыйлыққа үміткерлерді қабылдау жүргізіліп жатыр дегенді құлағым шалып қалды. Содан «нар тәуекел!» деп, бағымды сынамаққа бекіндім.

— Дәл қазір қандай көңіл-күйді тұрсың?

— Қандай болушы еді?! Әрине, қуаныштан жүрегім жарыла жаздап, төбем көкке типте екі-ақ елі жетпей тұр. Бұл марапат мен үшін қымбат, зор мәртебе. Университет қабырғасында атқарған игі істерімнің жемісі.

— Соңғы кездері елімізде мемлекеттік жастар саясатына ерекше көңіл бөлініп келеді. Бүгінгі шара соның бір айқын мысалы.

— Иә, шынымен де жастар үшін барлық жағдай жасалуда. «Жанам деген жүрекке от беремін» демекші, төрткүл дүниенеден хабардар кейінгі толқын көңілі қаласа, білімнің, спорттың, мәдениеттің кез-келген саласымен айналыса алады.

ҚарМУ-да «Youth To Business» білім беру форумы өтті

Танымал компаниялар мен ұйымдар арасында студенттермен әріптестік қарым-қатынасты орнатуға, жас мамандарды еңбекпен қамтамасыз ету мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған аталмыш жоба ірі халықаралық тәуелсіз студенттік білім беру ұйымдары — AIESEC-тің бастамасымен ұйымдастырылды.

AIESEC — бұл шет тілдерін меңгерген жоғары білім алып жүрген студенттерге шет елдерде тағылымдамадан өтудің, көшбасшылық қасиеттері мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытудың бірден-бір мүмкіндігін ұсынатын халықаралық ұйым. Халықаралық деңгейдегі AIESEC студенттер ұйымы 1949 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Сол жылы жастар ұйымы мемлекеттік емес, коммерциялық емес, саяси емес, халықаралық мәртебеге ие болды. Алғашқы жеті

елдің: Бельгия, Дания, Финляндия, Франция, Голландия, Норвегия және Швецияның өкілдері құрылтайшы құжаттарда қолдарын қойды, міне сол сәттен бастап әлемде алғашқы халықаралық студенттер ұйымы пайда болды. Қазіргі уақытта бұл ұйым дүние жүзінің 100 елінде студенттердің басын біріктіреді. AIESEC-тің мыңдаған серіктестері бұл ұйымды жастардың дамуын қамтамасыз ететін және дүние жүзіннен жаңа дарынды жастарды тауып, олармен байланыс жасаудың мүмкіндігі ретінде қарастырады.

«Youth To Business» білім беру аймақтық форумына Қарағанды облысы, Қарағанды және Астана қалаларындағы жоғары оқу орындарының студенттері, ірі халықаралық компаниялар мен ұйымдар (Beeline, Turkish Airlines, АТФ Банкі және т. б.), AIESEC Ұлттық және жеке комитеттер серіктестері қатысты. Бір уақытта бірнеше бағытта

— Облысымыздағы жастарға арналған «Вектор Инфорум» журналының редакторысың. Кей студенттер оқудың өзіне уақыт таппайды. Оқу мен жұмысты қатар алып жүрсін, бәріне қалай үлгересің?

— Біз ешкімді енжар қалдырмайтын қызық та таңғажайып кезеңнің жолаушысымыз. Сондықтан көштен қалмауға тырысу керек. Оның үстіне шапшаң жүргенге шаң жұқпайды демеуші ме еді дана халқымыз? Үлгерем деген адам бәріне үлгереді. Мұнда еш сыр жоқ.

— Болашақ тіл маманы қазір қандай шығармаларды оқып жүргенін білсек?

— Үлкен бір шығармашылық ізденіс жолында жүрмін деп айту қиын. Алаш арысы Жәкен Сәрсенбинге қатысты зерттеу жұмыстарымен танысу үстіңдемін. Ал көркем шығармаларға келер болсақ, өкінішке орай, тек университет бағдарламасындағы дүниелермен ғана шектеліп жүрміз. Көбіне психологиялық, саяси әдебиеттерді оқуға тырысам.

— Жас журналист қандай болуы керек?

— Жас журналисті сипаттайтындай менің еш тәжірибем жоқ қой. Егер азулы журналист болсам, жауап берер едім. «Бесіктен бөлім шықпай жатып» ақыл айтуым әбестік болар. Мен де өздерің сықылды қарапайым студенттің.

— Кімді үлгі тұтасың?

— Нақты «міне, мына кісіні» деп кесіп айта алмаймын. Дегенмен білімімен, өнерімен, өнегесімен үлгі болатын әр жанның жақсы қасиеттерін бойыма дарытуға тырысам.

— «Жігітке жеті өнер де аз» дейді ғой дана халқымыз. Біз білмейтін қандай өнерің бар?

— Керемет асып бара жатқан өнер жоқ. Өн айта алмаймын, би билей алмаймын. Бірақ, арасында қолыма қалам алып әңгіме жазғанды ұнатам.

— Өмірлік ұстанымың?

— Сократ айтқандай, «Егер әлемді орнынан қозғалтқың келсе, әуелі өзің қозғал».

— Жастардың басын қосқан көптеген игі іс-шаралардың бел ортасынан өзіңді байқап қаламыз. Төл тәуелсіздігіміздің құрдастарына қандай баға берер едің?

— Тәуелсіздік таңында туғандардың қатарында мен де бармын ғой. Сондықтан өзгерлерге баға беруден аулақпын. Ондай жасқа әлі жеткен жоқпыз.

— Өзінің болашағын жастар саясатымен байланыстыратын жігерлі жастарға айтар кеңесің?

— Назым Хикметтің мына бір сөзі: «Мен жанбасам лапылдап, сен жанбасаң лапылдап, біз жанбасақ лапылдап, аспан қалай ашылмақ?»

— Өңгімеңе рақмет! Ақ жол!

— Рақмет!

Р. С.: «Көздерінде от ойнар, Сөздерінде жалын бар». Алашымыздың арда азаматымен әңгімелесу барысында бойындағы өжеттілік пен ертеңгі күнге деген зор сенімді байқадық. Бұл көңілге қуаныш ұялатқандай болды. Иманы мен мейірімі жарасқан жас тарлауымызға орқашанда Алла жар болсын!

Өңгімелескен Қанағат ЕШМАҒАМБЕТОВ,
3 курс студенті

ұйымдастырылған талқылау модельдері, семинарлар және фокус-топтар сынды форум жұмысына жастар көшбасшылары, бизнес құрылым көшбасшылары мен экономика, маркетинг, психология саласындағы сарапшылар жиналды. Ұйымның бірлескен жұмысының айтулы түрі түйінді мәселелер бойынша түрлі көзқарастарды және студенттердің өзара қарым-қатынас сауалдарын, бизнес-құрылымын топтастыруға, ғылыми-зерттеу қызметін коммерциализациялауға мүмкіндік беру арқылы өзінің тиімділігін көрсетті. Студенттердің кәсіби тұрғыдан шыңдалуы мен жұмысқа орналасуына мүмкіндік туғызған аталмыш форум әлемдік тренд пен өңкей нарығындағы ірі компаниялардың саясаты туралы нақты түсінік қалыптастырды.

М. БАЛКЕЕВА

Государственный служащий нового поколения: честный, трудолюбивый, нравственный и преданный своему делу!

С 2006 года в Карагандинской области успешно реализуется проект «Школа государственной службы», миссия которого заключается в популяризации государственной службы среди представителей молодого поколения и привлечении их в ряды госслужащих. За годы реализации проекта школа успела подготовить более 80 выпускников и занять свою нишу в сфере молодежной политики нашего региона. В этом году школе исполняется 5 лет, и в связи с этим мы решили поговорить с исполнительным директором школы Биржаном Нуржановичем Алимжановым о реалиях и планах школы.

— Биржан Нуржанович, расскажите об истории проекта — как все начиналось?

— Проект «Школа государственной службы» является уникальным по своему содержанию и масштабам. Аналогичных проектов — именно с целью привлечения молодежи на госслужбу, параллельно реализующихся в нескольких регионах республики, не существует. История проекта начинается в 2004 году, когда был подписан меморандум о сотрудничестве Агентства РК по делам государственной службы с Конгрессом молодежи Казахстана. С этого момента в нескольких областных центрах, в Астане и Алматы начали свою деятельность региональные школы. А в нашей области школу учредили в начале 2006 года. Этот год стал для нас пятым — юбилейным.

— А в каких именно регионах работают школы и есть ли особенности в реализации проекта?

— По данным республиканского штаба, проекты успешно реализуются в шести регионах: Астана, Алматы, Караганда, Тараз, Усть-Каменогорск, Актау. Также известно, что в ближайшем будущем проект запустят в Семей. Что касается особенностей, то, конечно, они есть. Здесь необходимо учитывать не только масштабы и специфику регионов, но и подход самих реализаторов проекта. Яркий пример — такая форма отбора соискателей, как «творческий экзамен», она применяется только у нас, в Караганде. Существует еще ряд различий по регионам, но цель у всех одна — привлечение и подготовка потенциальных кадров для госслужбы.

— Расскажите, как Вы пришли в ряды реализаторов проекта, а точнее, на пост исполнительного директора?

— Все получилось очень интересно. Обучаясь на первом курсе, я часто слышал о данном проекте и принял для себя реше-

ние, что на следующий год обязательно поступлю. Прошли летние каникулы, с новыми силами принялся за учебу, и, конечно, было огромное желание активно влиться в общественную жизнь университета. Начал узнавать про школу и выяснил интересный факт: школа приостановила работу в связи с отсутствием координатора. Как говорят в народе, инициатива наказуема. (Смеется.) Так и оказалось на самом деле. Руководство Центра молодежных инициатив области предложило мне стать координатором проекта. Нет сомнений, что проект «Школа государственной службы» стал для меня стартовой площадкой в большую общественно-политическую жизнь. Очень благодарен всем людям, которые в тот момент поверили в меня. Особую сердечную благодарность хочу выразить своей первой команде, в составе которой были Ембергенова Альмира, Жауымбаева Асель и Беркенов Еркен.

— Что Вам и Вашей команде помогает решать поставленные задачи?

— Успех какой-либо деятельности заключается во внутренних и внешних факторах. К основным внутренним факторам можно отнести квалификацию, сплоченность и методы работы команды, которые необходимо периодически укреплять и повышать. Также немаловажным является внешний фактор. В случае данного проекта это один из ключевых моментов. Потому что наша основная работа строится на сотрудничестве с госорганами. В реализации данных задач неоценимую помощь оказывают Управление Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области и Управление внутренней политики Карагандинской области. В то же время деятельность школы зависит от многих организационных вопросов, в решении которых нас поддерживают наш родной КарГУ им. Е. А. Букетова, Центр молодежных инициатив Карагандинской области, Региональный центр переподготовки и повышения квалификации госслужащих аппарата акима Карагандинской области.

— В истории любой организации бывают свои знаменательные события. Какие Вы могли бы вспомнить в связи с проектом «Школа государственной службы»?

— Все первые шаги, связанные со школой, имели для нас особое значение. Первые собрания, официальные переговоры, мероприятия и, конечно же, наш первый выпуск. В историческом плане оставили свой след такие моменты, как переименование проекта, разработка новой эмблемы школы. Раньше, до 2008 года, проект назы-



вался «Региональная школа государственной службы», а сейчас он носит название «Карагандинская молодежная школа государственной службы».

— Для нового штата это уже третий набор. Какие тенденции можно отметить?

— Заметно, что с каждым годом интерес к проекту растет. К примеру, если в 2008 году было подано 22 заявки, в 2009-м их было 77, в текущем году — 53. Итоги информационной кампании текущего года показали, что полагаться на успехи прошлого сезона не стоит, в этом году количество заявок снизилось на 24. Отсюда и вывод: в мире больших скоростных информационных потоков важно «освежать» память целевой аудитории. Что касается тенденций, то, конечно же, они позитивные. Растет не только количественный, но и качественный состав, то есть привлекаются студенты из других вузов. С каждым годом пополняется состав партнеров-госорганов. Если в начале своего пути мы задавались вопросом «Как это сделать?», то сейчас это звучит уже «Как лучше это сделать?»

— Что Вы можете рассказать о новом наборе?

— В составе третьего набора в основном студенты-гуманитарии. Очень активные, эрудированные и, что немаловажно, инициативные. На прошлой неделе они завершили этап теоретической подготовки. 26 участникам проекта были вручены сертификаты об успешном завершении курса «Подготовка государственных служащих нового поколения», который проходил на

базе Регионального центра переподготовки и повышения квалификации госслужащих. Отрадно, что данный центр постоянно поддерживает социально значимые инициативы молодежи. Уверен, что все «интеллектуальные инвестиции» преподавателей центра окупятся в скором будущем. Конечно же, было приятно из уст преподавателей Центра слышать хорошие отзывы в адрес стажеров. Но это еще половина пути. Надеюсь, что стажерам третьего набора по силам успешно завершить учебный год.

— Планы школы на ближайшее будущее?

— В рамках проекта мы ежегодно проводим мероприятия разного характера. В основном — с целью привлечения стажеров в общественную жизнь и повышения уровня их профессиональной подготовки. Если в прошлом году это был дебатный турнир на антикоррупционную тематику, то в текущем году в апреле планируем провести научно-практическую конференцию на тему «Государственный служащий нового поколения».

— И последний вопрос. Как Вы думаете, какими качествами должен обладать госслужащий нового поколения?

— У каждого времени свои требования. Согласно им профессиональные критерии меняются. Данные правила распространяются и на госслужбу. Неизменными остаются лишь высокие качества — честность, трудолюбие, нравственность и преданность своему делу.

Материал предоставлен Комитетом по делам молодежи

Студенты говорят «Нет!» религиозному экстремизму

В целях повышения правовой грамотности студенчества и профилактики религиозного экстремизма среди молодежи Комитет по делам молодежи КарГУ им. Е. А. Букетова организовал несколько встреч на тему «Профилактика религиозного экстремизма и терроризма». На встречи, которые проходили в феврале, были приглашены представители государственных органов и НПО, студенты физического, математического, юридического и экономического факультетов. Модератором встречи выступила председатель Комитета по делам молодежи КарГУ им. Е. А. Букетова Артакшинова Асель Сейтжановна.

Рымбек Жакыпбекович Галиев, начальник отдела по борьбе с экстремизмом Департамента внутренних дел Карагандинской области, в своем выступлении проинформировал аудиторию о негативных последствиях участия в религиозных сектах, деятельность которых имеет целью социальную и политическую дестабилизацию региона и страны в целом. Также была предоставлена информация об оперативно-разыскных мероприятиях, предпринимаемых для пресечения деятельности вышеуказанных антисоциальных групп. Как показывает статистика, центральные регионы Казахстана не так сильно подвержены воздействию религиозных сект, как приграничные территории. Но в то же время отдельно взятые населенные пункты внутри Карагандинской области вызывают беспокойство правоохранительных органов. В завершение своего выступления Рымбек Жакыпбекович призвал молодежь обратить особое внимание на повышение личной правовой грамотности.

Также на встрече присутствовали представители религиозных объединений горо-

да: наиб-имам Центральной мечети г. Караганды Даурен Ырымбекович Досымбаев и благочинный Карагандинского церковного округа Карагандинской и Шахтинской епархии Русской православной церкви Михаил Александрович Патрикеев. Представители духовенства рассказали молодежи об истоках возникновения религиозных сект и их угрозе общественности. Не раз было отмечено, что религиозные секты, прикрываясь религией, преследуют совсем иные цели и добиваются тотального контроля над человеком, что, в свою очередь, приводит к плачевным последствиям как для человека, так и для его родных. Примером послужил теракт в аэропорту Домодедово. Подводя итоги своего выступления, докладчики отметили, что только люди, прошедшие соответствующее обучение и реализующие свою деятельность в рамках законодательства РК в специальных учреждениях области и го-

рода, смогут дать полноценную и полезную духовную информацию.

Гражданский сектор был представлен Центром социально-психологической и правовой помощи «Виктория». Представитель НПО психолог Татьяна Шаповалова презентовала деятельность данного учреждения и рассказала об основных направлениях работы центра, одним из которых является деятельность волонтеров, направленная на профилактику религиозного экстремизма среди населения. Было отмечено, что все желающие могут принять участие в данной деятельности.

Добавим, что аналогичные встречи будут проходить и в марте. Одна из них состоится в 11.00 11 марта 2011 года в учебном корпусе № 8 (поточная аудитория № 13).

Информация предоставлена Комитетом по делам молодежи

Как найти работу

Если вы отправляете свои резюме в ответ на объявления в газетах и регулярно обращаетесь в кадровые агентства, но все ваши усилия оказываются тщетными, просто измените тактику, попробуйте применить новую стратегию.

Существуют миллионы вакансий. Но сколько различных способов их найти вы знаете? И подлежат ли они учету? Оказываются, да. Если кратко, то это:

Самоинвентаризация. Прежде чем что-либо делать, займитесь доскональной инвентаризацией собственных навыков и интересов, которые нравятся вам больше всего и реализуются вами успешнее остальных. Это поможет точнее понять, какая работа будет вам наиболее интересна. А затем воспользуйтесь этим знанием для оптимизации своих поисков.

Интернет. Воспользуйтесь Интернетом, чтобы выложить свое резюме и/или поискать объявления о приеме на работу (вакансии) на сайтах самих нанимателей или на специализированных ресурсах (Head Hunter, www.works.kz, www.zhumys.kz, www.karierist.kz, www.okp.kz, www.k-plus.kz, www.kazakjob.kz/kazakhstan-work.html, <http://kz.superjob.ru>, www.1job.kz, www.recruitment.kz, www.kzwork.com, www.joblab.kz, www.staff.kz, www.rabotaplus.kz, www.kzjob.ru.

Налаживание связей. Пospрашивайте друзей, членов своей семьи и/или людей в доступных вам сообществах и биржах труда о наличии интересующих вас вакансий.

Школа. Попросите совета или подсказки относительно возможных рабочих мест или сервисов по трудоустройству у своих бывших учителей и преподавателей (средней школы, училища, колледжа или университета).

Государственные социальные службы. Обратитесь в службы занятости.

Область или район проживания. Обратитесь в частные агентства по трудоустройству.

Государственная служба. Примите участие в конкурсе на получение вакансии на государственной службе.

Газеты, журналы. Разошлите резюме в ответ на местные объявления о приеме на работу (размещенные в газетах, если в вашем городе все еще есть газеты; в Интернете или иным способом). Поищите объявления о вакансиях в профессиональных

журналах, касающихся вашей специализации, и ответьте на все объявления, заинтересовавшие вас.

Случайный найм. Обращайтесь туда, где набирают рабочих: неофициальные биржи труда или другие места, что поможет вам получить краткосрочную работу, которая со временем имеет все шансы стать постоянной.

Резюме. Рассылайте свои резюме всем и повсюду, учитывая все факторы местонахождения, специализации и наличия вакансий в тех или иных организациях.

Найдите офисы интересующих вас компаний. Стучитесь в двери любых интересующих вас работодателей, предприятий, магазинов или офисов независимо от того, есть у них для вас в данный момент свободное место или нет.

Телефонный справочник. Воспользуйтесь вашим телефонным справочником и найдите пять-десять объектов, областей или интересов, которые вас больше всего привлекают. Они могут находиться в вашем городе или населенном пункте, где вы хотели бы жить. Позвоните туда или лично посетите эти компании.

Работа волонтером. Если в данный момент вы имеете стабильное финансовое положение, наймитесь на короткое время волонтером/стажером в интересующую вас организацию, вне зависимости от того, есть у них свободные места или нет, с надеждой, что впоследствии они захотят нанять вас уже как постоянного сотрудника.

Работа на себя. Начните свое собственное небольшое дело или откройте бизнес, если поймете, в чем сегодня нуждается общество.

Переподготовка. Возвращайтесь к учебе и пройдите дополнительное обучение для подготовки к другой деятельности, отличной от той, которой вы занимались раньше.

Несколько лет назад исследователи выяснили: обычно поиск работы может занять три-четыре месяца в зависимости от состояния экономики, но при этом треть или даже половина всех людей, занятых поиском работы, сдаются еще на втором месяце. Они прекращают поиски. Почему они останавливаются на начальной стадии поисков?

Оказывается, скорость падения духом напрямую связана с тем, как много способов поиска работы человек применил. Как показали результаты исследования, из

100 соискателей, ищущих работу только одним способом, 51 человек обычно отказывался от поисков ко второму месяцу. Это больше половины. С другой стороны, из 100 человек, воспользовавшихся несколькими различными путями, как правило, ко второму месяцу поиски работы прекращал в среднем 31 соискатель. Это уже менее трети респондентов. Исходя из этого, можно сделать вывод, что увеличение количества способов поиска гарантирует успех всего предприятия. Но не так быстро!

Дальнейшие исследования доказали, что шансы соискателя при поиске работы становятся тем выше, чем больше методов поиска он использует, но — внимание! — не более четырех. Если вы решите применять более четырех различных способов поиска работы, вероятность успеха начнет уменьшаться и продолжит падать с каждым новым способом.

Поиск работы — это тот вид деятельности, который повторяется снова и снова в жизни большинства людей. По мнению экспертов, среднестатистический работник в возрасте до 35 лет вынужден искать работу каждые один-три года. А каждому среднестатистическому специалисту старше тридцати пяти придется искать работу каждые пять-восемь лет! И, как утверждают эксперты, каждый из нас в течение жизни может сменить профессию от трех до пяти раз.

Поиск работы — это не наука, а искусство. Некоторые люди, занятые поиском работы, инстинктивно знают, как правильно это делать, в некоторых случаях они как будто рождаются с таким знанием. Другим поиск работы дается тяжелее, но, к счастью, сегодня существует возможность получения квалифицированной помощи: можно найти разные профессиональные тренинги, консультации и советы — в Интернете или напрямую.

Не существует абсолютно правильного (или же неправильного) способа найти работу или сменить профессию. Что угодно может сработать (или не сработать) при некоторых обстоятельствах, при некоторых попытках или же с некоторыми работодателями. Существует только степень вероятности, с которой определенные технологии поиска работы дадут результат или, наоборот, осечку. Если вы упорно отправляли свои резюме в ответ на объявления в газетах или в Интернете и регулярно обращались в агентства, но все оказалось тщетным, просто прекратите использовать эти способы. Измените тактику. Попробуйте новую стратегию.

МАТЕРИАЛ ПОДГОТОВЛЕН ЦЕНТРОМ КАРЬЕРЫ И ТРУДОУСТРОЙСТВА НА ОСНОВЕ КНИГИ «Много цвета ваш парашют?» / Ричард Болос, — «Минн, Ивнов и Ферберг», 2010 г.

